Сонымен қатар, 2020 ж. басында жаңа коронавирус (COVID-19) бүкіл әлемде өте тез тарала бастады, бұл Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) 2020 ж. наурызында пандемия жариялауына әкелді. Көптеген елдердің COVID-19 таралуын тежеу жөніндегі қабылдаған шаралары көптеген компаниялар үшін операциялық қиындықтарға алып келеді және әлемдік қаржы нарықтарына айтарлықтай әсер етеді. Жағдай жедел қарқынмен дамып келе жатқандықтан, COVID-19 экономиканың түрлі салаларындағы көптеген компаниялардың қызметіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін, оның ішінде өндірісті тоқтата тұру немесе жабу, жеткізілімдер тізбегінің үзілуі, персонал карантині, сұраныстың төмендеуі және қаржыландыруды алу кезіндегі қиындықтармен байланысты, бірақ олармен шектелмейді. Сонымен қатар, COVID-19 әлемдік экономикаға және негізгі қаржы нарықтарына теріс әсер етуі салдарынан Компания одан да үлкен әсеріне тап болуы мүмкін. Компанияның қызметіне COVID-19 айтарлықтай әсері көбінесе вирустың әлемдік және қазақстандық экономикаға әсер ету ұзақтығына және таралуына байланысты болады.

Компания Басшылығы экономикалық жағдайда Компанияның ең жақын келешектегі бизнестің дамуы үшін және қажетті деп санайтын тиянақты сүйеніші үшін, ағымдағы өзгерістерді қарап отырып, шаралар қабылдайды. Алайда, экономикалық жағдайда Компанияның жеке қаржылық жағдайын және келешектегі қызметінің нәтиже ықпалының өзгеруін қазіргі кезде анықтау қиын.

### **3. ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ**

#### **Сәйкестік туралы мәлімдеме**

Компанияның жеке жылдық қаржылық есептілігінің нысандары Халықаралық қаржы есебінің стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХҚЕС») сәйкес дайындалған жеке қаржылық есептілік негізінде, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 ж. 28 маусымдағы №404 бұйрығымен және №404 бұйрыққа 2019 ж. 1 шілдедегі № 665 өзгерістеріне сәйкес («№404 Бұйрық») бекітілген жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялауы үшін жылдық қаржылық есептіліктің нысандарына дайындалған.

Қоса берілген қаржылық есептілігінің нысандары «Жолаушылар тасымалы» АҚ жеке жылдық қаржылық есептілігінің нысандары болып табылады. Еншілес кәсіпорындар осы жеке жылдық қаржылық есептілігінің нысандарында шоғырландырылмады. Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар өзіндік құнынан құнсыздану шығындарын шегеріп есептеледі. Компания сонымен қатар, Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік нысандарын құрады. Қоса берілген жеке жылдық қаржылық есептілігінің нысандары басшылық 2020 ж. 29 сәуірде бекіткен шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігінің нысандарымен бірге қаралуы тиіс.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ ХҚЕС сәйкес дайындалған шоғырландырылған және жеке қаржылық есептіліктерін Компания ашық қолдану үшін ұсынған және [www.dfo.kz](http://www.dfo.kz) сайтында қолжетімді.

#### **Құнын анықтау негізі**

Есеп беру күніне төменде көрсетілгендей бағалау немесе әділ құнмен есепке алынатын кейбір қаржылық құралдарды қоспағанда, Компанияның жеке жылдық қаржылық есептілігінің нысандары тарихи құн қағидасы негізінде дайындалған.

## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

### **2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА** (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

---

#### **Үздіксіз қызмет қағидасы**

Компанияның жеке қаржылық есептілігі үздіксіз қызмет қағидасын ұстанатын болатыны туралы болжамға сүйеніп жасалды. Бұл жақын болашақта өзінің активтерін сату мен міндеттемелерін өтеуді өзінің негізгі шаруашылық қызметі барысында жүзеге асыруын ұйғарады. 2019 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қысқа мерзімді міндеттемелері 12,508,073 мың теңге сомасындағы қысқа мерзімді активтерден асып түсті және аяқталған жыл үшін 2019 ж. 31 желтоқсанда операциялық қызметтен қолма-қол таза ақшаны шығару 2,833,792 мың теңгені құрады. 2019 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы міндеттемелер негізінен сауда кредиторлық берешек және ұзақ мерзімді қарыздардың ағымдағы бөлігінен тұрады, олардың 62% Акционер мен Акционерлер тобына кіретін компаниялардың үлесінде. 20 Ескертуде айтылғандай, 2019 ж. қарашасында 15,736,000 мың теңге мөлшерінде Акционер ақшалай төлеген қаражатқа Компания 15,736 акцияны шығарды. Бұл қаражат Акционерге кредиторлық берешекті өтеуге жұмсалды, нәтижесінде операциялық қызметтен таза ақша қаражаттарының шығуына алып келді.

2019 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жылға Компанияның таза пайдасы, негізінен, мемлекет тарапынан берілетін субсидиялар көлемінің артуына байланысты 236,207 мың теңгені құрады.

Бас компания 2025 ж. дейінгі ұзақ мерзімді стратегиялық дамуды бекітті. Осы құжаттар саланың нысаналы моделі қызмет етуінің нормативтік және әдіснамалық базасын әзірлеуді, активтерді қайта құрылымдауды, негізгі қаражаттарды жаңартуды, басқару жүйесін жетілдіруді, Компанияның өндірістік - экономикалық қызметінің тиімділігін арттыруды, сондай-ақ, темір жол көлігінің негізгі қаражаттарынан құрылған ауқымды инвестицияларға сұраныстың базасында темір жол машинасын жасаудың отандық саласын құруды көздейді. 2017 ж. Компания Инвестиция және даму Министрлігімен әлеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша 20 жылға (2017-2036 жж.) ұзақ мерзімді келісім жасасты. 2019 ж. 21 қыркүйектен бастап уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі, аймақаралық байланыста жүретін бірқатар бағыттарда жолаушыларды тасымалдауға тарифтерді 10% көтеруге келісті (2018: 7%). Сонымен қатар, Компания Басшылығы Компания акционері «ҚТЖ» ҰК» АҚ көз жетерлік болашақта Компанияның қызметіне қаржылық қолдау көрсетуді жалғастыра береді деп есептейді. Бұл 30 Ескертуде көрсетілгендей байланысты тараптар алдында берешектің едәуір бөлігі барын растайды.

Сондай-ақ, 2020 ж қаңтарында Компания басшылығы Акционермен Компанияның еншілес ұйымдарын біріктіру арқылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ тобын қайта құрудың жол картасы туралы келісімге келді.

Басшылық Компания үздіксіз қызмет қағидасы негізінде өз қызметін жалғастыра алады деп есептейді.

#### **Функционалды валюта және ұсыну валютасы**

Компанияның жеке жылдық қаржылық есептілігінің нысандары Қазақстандық теңгеде (бұдан әрі - теңге) ұсынылған.

Теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде толық еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды. Шетел валюталарындағы операциялар Қазақстандық қор биржасы («ҚҚБ») белгілеген операция жасау күнінің нарықтық бағамы бойынша есептеледі. ҚҚБ сессиясында сауда-саттық жасалмаған шетел валюталары бойынша валюта айырбастау бағамдары Reuters ақпарат агенттігінің арналарынан алынған бағамдарға сәйкес АҚШ долларына кросс-бағамдар пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен есептеледі.

Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтері мен міндеттемелер есеп күні қолданыста болған бағам бойынша қайта есептеледі. Операциялар жасалған күннен кейінгі айырбастау бағамдарының өзгеруі нәтижесінде туындаған барлық бағамдық айырмашылықтар кіріс пен шығыстарда көрсетіледі. Шетел валютасында көрсетілген ақшалай емес активтері мен міндеттемелер әділ құны жасау күнінің нарықтық бағамы бойынша теңгемен есептелінеді. Шетел валютасында тарихи құнмен көрсетілген ақшалай емес активтері мен міндеттемелер есептелінбейді.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Төмендегі кестеде теңгенің айырбастау бағамы мына күндерге ұсынылған:

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Еуро	429.00	439.37
Швейцария франкі	395.16	390.41
АҚШ доллары	382.59	384.20
Ресей рублі	6.16	5.52

#### 4. ЕСЕПТІК САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

##### Жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдау

Ағымдағы жылы Компания ХҚЕС стандарттарына және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі - ХҚЕСК) берген түсіндірмелерге бірқатар түзетулерді қолданды, олар 2019 ж. 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңге күшіне енеді. Оларды қабылдау б Жалдау ХҚЕС-ке (IFRS) есептемегенде, осы жеке жылдық қаржылық есептілігінің нысандарында ашылған ақпаратқа немесе сомаларға айтарлықтай әсер етпеді:

- 16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»;
- 28 ХҚЕС (IAS) «Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар жасау»;
- Жыл сайынғы ХҚЕС жетілдірулері, 2015-2017 жж. кезеңі;
- 19 ХҚЕС (IFRS) «Қызметкерлерге сыйақылар» түзетулері;
- 23 ХҚЕТК (IFRIC) «Пайда салығын есептеу ережелеріне қатысты белгісіздік».

##### 16 «Жалдау» ХҚЕС (IFRS) қолданудың әсері

Ағымдағы жылы Компания 16 ХҚЕС (ХҚЕСК 2016 ж. Қаңтарында шығарған) қолданды, ол 2019 ж. 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енді.

ХҚЕС 16 жалдауды есепке алуға жаңа немесе өзгертілген талаптарды енгізеді. Ол лизинг алушының бухгалтерлік есебіне елеулі өзгерістер енгізеді, операциялық және қаржылық лизинг арасындағы айырмашылықты жояды, сонымен қатар қысқа мерзімді жалдау және арзан жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттары бойынша пайдалану құқығы мен жалдау міндеттемесін жалдаудың басында тануды талап етеді. Жалға алушының есебінен айырмашылығы, жалға берушінің бухгалтерлік есеп талаптары негізінен өзгерген жоқ. Төменде осы жаңа талаптардың егжей-тегжейлері және 16 ХҚЕС (IFRS) қабылдаудың Компанияның жеке жылдық қаржылық есептілігінің нысандарына әсері келтірілген.

Компания үшін 16 ХҚЕС (IFRS) алғашқы қолдану күні 2019 ж. 1 қаңтары.

Компания 16 ХҚЕС-ты (IFRS) салыстырмалы ақпаратты қайта есептеусіз, өзгертілген ретроспективті әдісті қолдана отырып қолданды.

##### Жалдаудың жаңа анықтамасының әсері

Компания 16 ХҚЕС-ке (IFRS) өту кезінде қол жетімді практикалық орындылықты келісім шарттың жалдау немесе жалгерлік болып табылмайтындығын бағаламау үшін қолданды. Тиісінше, жалдау анықтамасы 17 «Жалдау» IAS Халықаралық стандартына және 4 IFRIC сәйкес 2019 ж. 1 қаңтарына дейін жасалған немесе өзгертілген келісім шарттарға қолдануды жалғастырады.

Жалдау анықтамасындағы өзгеріс негізінен басқару ұғымына қатысты. 16 ХҚЕС (жалдау) ХҚЕС келісім шартта клиенттің белгілі бір кезең ішінде белгілі бір активті өтеу орнына пайдаланылуын бақылау құқығына ие болуына негізделген жалдаудың бар-жоғын анықтайды, ал 17 Жалдау ХҚЕС (IAS) және ХҚЕС (IFRIC) 4 «тәуекелдер мен сыйақыларға» бағытталған.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

---

Компания жалдаудың анықтамасын және 16 ХҚЕС-да (IFRS) сипатталған басшылықты 2019 ж. 1 қаңтарынан бастап немесе осы күннен кейін жасалған немесе өзгертілген барлық келісім шарттарға қолданады. 16 Жалдау ХҚЕС-ын алғашқы қолдануға дайындық кезінде Компания 16 Жалдау ХҚЕС-тегі жаңа анықтама Компанияның жалдау анықтамасына сәйкес келетін келісім шарттар көлемін айтарлықтай өзгертпейтінін көрсететін қолданыстағы келісім шарттарды қайта қарады.

*Жалға алушының есебіне әсері*

#### Бұрынғы операциялық жалдау

Бұрын 17 ХҚЕС (IAS) бойынша баланста есептелмеген операциялық жалдау шарттары ретінде жіктелген жалдау шарттарын 16 ХҚЕС (IFRS) Компанияның есепке алу тәртібін өзгертеді.

Жалдаудың барлық түрлері үшін (төменде көрсетілгендерді қоспағанда) 16 ХҚЕС (IFRS) қолдану кезінде Компания:

- а) ағымдағы бағалауы бойынша болашақ жалдау төлемдерін бастапқы құны жеке бухгалтерлік баланс нысандары туралы есепте жалдау бойынша міндеттемелерді және активтердің құқығын пайдалану нысанында таниды;
- б) жеке пайда мен залал нысандары туралы есепте жалдау бойынша пайыздық міндеттемелерді және активтердің амортизациясын құқығын пайдалану нысанында таниды;
- в) жеке ақша қаражатының қозғалыс нысандары туралы есепте төленген ақша қаражатының жалпы сомасын негізгі бөлікке (қаржылық қызмет шеңберінде ұсынылған) және пайыздарға (операциялық қызмет шеңберінде ұсынылған) бөледі.

Активтерді бағалау және жалдау міндеттемелер құқығын пайдалану нысанында жалдау бойынша ынталандыру (мысалы, ақысыз жалдау) бөлігі ретінде танылады, ал тікелей әдіс негізінде 17 ХҚЕС (IAS) сәйкес жалдау шығыстарының азаюы амортизация ретінде, олар жалдау бойынша ынталандыруды тануға әкеледі.

16 ХҚЕС (IFRS) сәйкес активтер құқығын пайдалану нысанында 36 ХҚЕС (IAS) «Активтердің құнсыздануы» сәйкес құнсыздану мәніне тексерілетін болады.

Компания 16 ХҚЕС (IFRS) рұқсат еткендей қысқа мерзімді жалдауды (12 айға немесе одан аз мерзімге жалдау) және жалдаудың арзан активтеріне қатысты (мысалы, планшеттер мен дербес компьютерлер, кеңсе жиһаздары және телефондар), жалдау бойынша шығыстарын біркелкі пайда немесе шығында көрсетуге шешім қабылдады.

#### Бұрынғы қаржылық жалдау

Бұрын қаржылық жалдау шарттары бойынша тиесілі активтерге қатысты 16 ХҚЕС (IFRS) және 17 ХҚЕС (IAS) арасындағы негізгі айырмашылықтар, жалға алушы жалға берушіге ұсынылған кепілдік жою құны бойынша бағалау жасалады. 16 ХҚЕС (IFRS) Компанияның төлеуге күтілетін кепілдік жою құны бойынша өзінің жалдау бойынша міндеттемелер сомасының бөлігін ғана қабылдағанын талап етеді, 17 ХҚЕС (IAS) талаптарына сәйкес кепілдік берілген ең жоғарғы сомасын талап етпейді. Бұл өзгеріс Компанияның жеке жылдық қаржылық есептілігінің нысандарына айтарлықтай әсер еткен жоқ.

*Жалға берушінің есебіне әсері*

16 ХҚЕС (IFRS) (жалға беруші) жалдау бойынша есебін айтарлықтай өзгертпейді. 16 ХҚЕС (IFRS) сәйкес жалға беруші жалдауды қаржылық жалдау немесе операциялық жалдау ретінде жіктеуді жалғастырады және жалдаудың осы екі түрін әр түрлі есепке алады.

Сонымен бірге, 16 ХҚЕС (IFRS) талап етілетін ашып көрсетулерге түзетулер енгізді және кеңейтті, атап айтқанда жалға беруші жалданған активтердегі қалдық қатысуымен байланысты тәуекелдерді қалай басқаратынына қатысты.



## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

---

16 ХҚЕС (IFRS) сәйкес аралық жалға беруші негізгі жалдау мен қосалқы жалдауды екі бөлек келісім шарт ретінде қарастырады. Аралық жалға беруші негізгі жалдаудан туындайтын пайдалану құқығы түріндегі активке сілтеме жасай отырып, қосалқы жалдауды қаржылық немесе операциялық жалдау ретінде жіктеуі қажет (17 (IAS) ХҚЕС-тегідей базалық активке сілтеме жасамай).

Бұл өзгеріс Компанияның жеке жылдық қаржылық есептілігінің нысандарына айтарлықтай әсер еткен жоқ.

*16 ХҚЕС (IFRS) бірінші рет қолданған кезде қаржылық көрсеткіштерге әсері*

16 ХҚЕС (IFRS) алғашқы қолдану күнінде талдау нәтижелері бойынша Компания жалдау бойынша пайдалану құқығы және міндеттемелері түріндегі қосымша активтерді танымады.

Салық салу мақсатында Компания активтерге салық шегерімдерін бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібіне сәйкес пайдалану құқығы және жалдау міндеттемелері нысанында көрсетеді.

16 ХҚЕС (IFRS) қолдану Компанияның жеке ақша қаражаттарының қозғалыс нысандары туралы есебіне әсер етті.

16 ХҚЕС сәйкес жалдаушылар мыналарды ұсынуы керек:

- қысқа мерзімді жалдау төлемдері, активтерді жалдау төлемдері және операциялық қызмет бөлігі ретінде жалдау міндеттемелерін бағалауға енгізілмеген ауыспалы жалдау төлемдері;
- 7 ХҚЕС (IAS) сәйкес операциялық қызмет немесе қаржылық қызмет ретінде жалдау міндеттемесі бойынша сыйақы бойынша ақшалай төлемдер (Компания операциялық қызмет аясында төленген пайыздарды қосуды шешті); және де
- жалдау міндеттемесінің негізгі сомасына қатысты ақшалай төлемдер қаржы қызметіндегі.

16 ХҚЕС (IFRS) қолдану Компанияның таза ақша қаражаттарының қозғалысына әсер еткен жоқ.

#### **Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа немесе қайта қарастырылған стандарттар**

Бірқатар жаңа стандарттар, түсіндірулер және стандарттарға өзгертулер 2020 ж. 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Атап айтқанда, Компания келесі стандарттарды, стандарттарға түсіндірулер мен түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбаған:

- 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру келісім шарттары»;
- 10 ХҚЕС (IFRS) (Шоғырландырылған қаржылық есеп) және 28 ХҚЕС (IAS) «Инвестор мен оның қауымдасқан кәсіпорны арасында немесе бірлескен кәсіпорын аясында активтерді сату немесе беру»;
- 3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнестің бірігуі» - бизнестің анықтамасына түзетулер;
- 1 ХҚЕС (IAS) «Қаржылық есепті ұсыну» түзетулер және 8 ХҚЕС (IAS) «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателіктер» - маңыздылығын анықтау;
- Тұжырымдамалық негіз - ХҚЕС тұжырымдамалық негізге сілтемелерге түзетулер.

Компания басшылығы 2020 ж. 1 қаңтарынан бастап немесе одан кейінгі күннен бастап күшіне енетін басқа стандарттарды, өзгертулер мен түсіндірулерді қолдану оларды қолдану кезеңінде жеке жылдық қаржылық есептілігінің нысандарына айтарлықтай әсер етпейді деп күтеді.

## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

### **2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)** (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

---

#### **Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар**

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар олардың бастапқы құны немесе кез келген кейінгі жинақталған тозуды және кейінгі құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергендегі негізгі құн бойынша бейнелеп көрсетіледі. Компания 2005 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша жылжымайтын мүлік ғимараттар мен жабдықтар қайта есептелген құнын ХҚЕС мақсатында негізгі құн ретінде қолданылады. 2005 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша жылжымайтын мүлік ғимараттар мен жабдықтардың әділ құны, негізінен, жинақталған тозуды шегере отырып ауыстырудың құнын бағалау жолымен анықталды. Басшылықтың бағалау нәтижелері осы күнге Компания жылжымайтын мүлік ғимараттар мен жабдықтарының экономикалық жағдайын ең жақсы түрде бейнелеп көрсетеді деп есептейді.

#### *Кейінгі шығыстар*

Жылжымайтын мүлік ғимараттар мен жабдықтардың нысандарына жұмсалатын кейінгі шығыстар келешектегі экономикалық пайда алу мүмкіндігіне қарай капиталдандырылады және мұндай шығыстар есептеледі немесе жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен бағаланады.

Ақаулықтың бар болуынан жүйелі түрде ірі техникалық тексеру жүргізуге шыққан шығындар вагондардың теңгерімдік құнында мойындалады. Бұрынғы тексеру бойынша кез-келген қалған шығыстардың теңгерімдік құнын тану тоқтатылады. Ірі техникалық тексерулер вагондар қызметінің пайдалы мерзімі ішінде бір рет жүргізіледі. Ірі техникалық тексеру жүргізу бойынша шығындар қайта қаралған пайдалы қалған қызмет ету мерзімі ішінде бірқалыпты амортизацияланады.

Барлық өзге де кейінгі жөндеу және қызмет көрсету шығыстары сияқты өзге де шығындар туындаған сәттегі шығыстарға жатады.

#### *Тозу*

Тозу активтердің есептік пайдалы қызмет ету мерзіміне сүйеніп, тура желілі әдіс негізінде есептеледі.

#### **Қорлар**

Қорлардың негізгі бөлігі шаруашылық қызмет барысында сауда операциялары үшін емес, жылжымалы құрамды пайдалануды қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

Нысанды киім, арнайы киім және төсек-орын жабдықтары қорлар құрамына кіреді және қоймадан берілген сәтте шығыстарға жазылады. Сондай-ақ, қорлар құрамында түрлі техникалық сипаттамалары және пайдалы қызмет ету мерзімі бар жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың нысандарына орнатуға жарамды қосалқы бөлшектер есептеледі.

Қорлар өзіндік құнның ең аз мөлшері немесе сатудың таза құны бойынша бағаланады. Өзіндік құнға жеткізуге және қорларды ағымдағы жағдайға келтіруге байланысты келтірілген шығындар жатады. Сатудың таза құны аяқталуына шыққан шығынды шегеріп тастап, күнделікті қызмет барысындағы қорларды сатудың құнын және сатуға кеткен бағалау шығынын бағалауды білдіреді. Қорлар орташа өлшенген құн әдісі бойынша есептеледі.

#### **Қаржы құралдары**

Бірінші тараптың қаржылық активтерінің пайда болуы және екінші тараптың міндеттемелерінің немесе үлескерлік құралының пайда болуы туралы келісім шарттар қаржы құралдары болып табылады.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

---

Қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша танылады. Мәміле бойынша шығындар, олар қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді сатып алу немесе шығарумен тікелей байланысты (ПЗАӘҚБ қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді), бастапқы тану кезінде қолданылатын болса, қаржылық активтері немесе қаржылық міндеттемелерінің әділ құнынан шегеріледі немесе қосылады. Сатып алумен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар қаржы активтерінің немесе қаржы міндеттемелерінің әділ құны бойынша бағаланады, пайданың немесе шығынның құрамында пайда немесе шығын арқылы дереу танылады.

#### **Қаржы активтері**

Қаржы активтерін кейінгі бағалау қаржы активтерінің қалайша жіктелгеніне байланысты.

##### *Қаржы активтерінің жіктелуі*

Осы қаржы активтерінен алынған ақша ағымының бизнес-моделіне байланысты жоғарыда көрсетілгендей, қаржы активтері амортизацияланған құны бойынша бағаланады немесе әділ құны бойынша (пайда мен залал немесе өзге де жиынтық кіріс арқылы). Әдетте, пайыздық мөлшерлеменің тиімді әдісін пайдалана отырып ақша, сауда және басқа да дебиторлық берешек амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

##### *Қаржы активтерінің құнсыздануы*

Компания борыштық қаржы құралдарының инвестициялары бойынша күтілетін несиелік шығындарды жабу үшін резервті таниды, олар жалдау бойынша дебиторлық берешек, сауда-дебиторлық берешек және шарт активтері бойынша, сондай-ақ қаржылық кепілдік шарттары амортизацияланған құны бойынша немесе БЖТАӘҚБ бағаланады. Қаржы құралына тиісті несиелік тәуекелдің бастапқы таныған сәтінен бері өзгерістерін көрсету үшін, күтілетін несиелік шығындардың сомасы әрбір есепті күніге жаңартылады.

Компания сауда-дебиторлық берешек, келісім шарт бойынша активтер және жалдау бойынша дебиторлық берешектің барлық мерзімі үшін күтілетін несиелік шығындарды таниды. Осы қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік шығындар борышкерлерге тән факторларды, жалпы экономикалық шарттарды және орынды жерде ақшаның уақытша құнын қоса алғанда, есептік күнге талаптардың ағымдағы, сондай-ақ болжамды бағытын бағалауды ескере отырып түзетілген, Компанияның тарихи тәжірибесіне негізделген резервтер матрицасын пайдалана отырып бағаланады.

Компания барлық басқа да қаржы құралдарына қатысты несиелік тәуекелдің елеулі өсуінен бастапқы тану сәтінен бері күтілетін несиелік шығындарды барлық мерзіміне таниды. Алайда, егер қаржы құралы бойынша несиелік тәуекел бастапқы тану сәтінен бері айтарлықтай өспесе, Компания келесі күтілетін 12 ай ішінде несиелік шығындарға тең сомада осы қаржы құралына шығындар бойынша резервті бағалайды.

Барлық мерзімге күтілетін несиелік шығындар қаржы құралының қолданылу мерзімі ішінде күтілетін дефолттың мүмкін болатын барлық оқиғалар нәтижесінде туындайтын күтілетін несиелік шығындарды ұсынады. Бұған қарағанда 12 айда күтілетін несиелік шығындар, күтілетін несиелік шығындардың барлық мерзімінің бөлігін білдіреді, күтіп отырғандай, есепті күннен кейінгі 12 айдан кейін мүмкін болатын дефолт оқиғалары қаржы құралы үшін нәтиже болып табылады.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

---

#### Несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі

Компания есепті күнгі қаржы құралы бойынша дефолт тәуекелін бастапқы танылған күніндегі қаржы құралы бойынша дефолт тәуекелімен салыстырады, бағалау кезінде оның бастапқы тану сәтінен бері қаржы құралы бойынша несиелік тәуекел айтарлықтай өсті ме деп. Компания осы бағалауды жүргізу кезінде, шамадан тыс шығындарсыз немесе күшсіз қол жетімді тарихи тәжірибесін және перспективалары туралы ақпаратты қоса алғанда ақылға қонымды және негізді болып табылатын сандық және сапалы ақпаратты ескереді. Экономикалық сарапшылардың, қаржылық талдаушылардың, үкіметтік органдардың, тиісті талдамалық орталықтардың және басқа да ұқсас ұйымдардың есептілігінен алынған қарастырылып отырған болжамды ақпарат, сондай-ақ әр түрлі сыртқы көздерінің нақты және болжамды экономикалық ақпараттың негізгі қызметін ескере отырып, Компанияның борышкерлері жұмыс істейтін салаларының келешектегі перспективаларын қамтиды.

Атап айтқанда, бастапқы тану сәтінен несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуін бағалау кезінде мынадай ақпарат ескеріледі:

- нақты немесе күтілетін айтарлықтай нашарлауы және сыртқы (бар болса) немесе ішкі қаржы құралының несиелік рейтингі;
- нақты қаржы құралы бойынша несиелік тәуекел көрсеткіштерінің сыртқы нарықта айтарлықтай нашарлауы, мысалы, несиелік спрэдтің айтарлықтай ұлғаюуы, борышкер үшін несиелік дефолттық баға своп немесе ұзақтығы немесе дәрежесі, қаржы активінің әділ құны оның амортизацияланған құнынан аз болуы;
- күтіліп отырғандай, борышкердің борыштық міндеттемелерін орындау қабілетін айтарлықтай азайтуға әкелетін қаржылық немесе экономикалық жағдайлардағы қолда бар немесе болжанатын қолайсыз іскерлік өзгеруін;
- борышкердің нақты немесе күтілетін қызметінің нәтижелері айтарлықтай нашарлауы;
- сол борышкердің басқа қаржы құралдары бойынша несиелік тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюуы;
- борышкердің борыштық міндеттемелерін орындау қабілетін айтарлықтай азайтуға әкелетін борышкердің нақты немесе күтілетін экономикалық немесе технологиялық ортаның, нормативтің айтарлықтай қолайсыз өзгеруін.

Жоғарыда аталған бағалау нәтижелеріне қарамастан, Компания қаржы активі бойынша несиелік тәуекел бастапқы танылған сәттен бері айтарлықтай ұлғайды деп болжайды, егер Компанияда басқаша көрсететін ақылға қонымды және растайтын ақпараты болмаған кезде, шарттық төлемдері қағаздар мерзімінен 30 күннен аса.

Дегенмен, Компания қаржы құралы бойынша несиелік тәуекел бастапқы танылған сәттен бері айтарлықтай өскен жоқ деп болжайды, егер есепті күнге қаржы құралы төменделген несиелік тәуекел ретінде айқындалған болса. Қаржы құралы төменделген несиелік тәуекел ретінде анықталады, егер:

- қаржы құралында дефолт тәуекелі төмен болса,
- жақын болашақта ақша қаражатының қозғалысына қатысты борышкер үшін үлкен мүмкіндіктері бар өздерінің шарттық міндеттемелерін орындау, және
- ұзақ мерзімді перспективада экономикалық және іскерлік жағдайында қолайсыз өзгерістер болса, бірақ төлемдер бойынша қарыз алушының міндеттемелерін орындау қабілетін төмендету міндетті емес.

Компанияның пікірінше, егер активте жалпы қабылданған анықтамаға сәйкес сыртқы несиелік рейтинг «инвестициялық деңгей» болса немесе сыртқы рейтинг қол жетімсіз болса қаржылық активтің несиелік тәуекелі төмен болады, активтің ішкі рейтингі «жұмыс» (рейтинг «SK\_A»). Жұмысты білдіреді, егер контрагенттің қаржылық жағдайы күшті болса және мерзімі өткен сомалар болмаса.

## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

### **2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)*

---

Қаржылық кепілдіктің шарттары үшін, Компанияның пікірсіз міндеттеме тарабына айналатын күн, құнсыздану мәніне қаржы құралдарын бағалау мақсатында бастапқы тану күні болып саналады. Сонымен қатар, Компания, қаржы кепілдік шарттарын бағалау кезінде бастапқы таныған сәттен бастап несиелік тәуекелі айтарлықтай өстіме деп, борышкер өзінің шарттық міндеттемелерін атқармайтыны көрсетілген тәуекелдегі өзгерістерді ескереді.

Компания несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюының орын алуын айқындау үшін пайдаланылатын критерийлердің тиімділігін үнемі қадағалайды, және соманың төлеу мерзімі өтіп кеткенге дейін несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюын критерийлер анықтап алу үшін оларды ретіне қарай қайта қарастырады.

#### Дефолтты анықтау

Компания ішкі несиелік тәуекелді басқару мақсатында дефолт индикаторы ретінде келесі оқиғаларды қарастырады, өйткені, тарихи тәжірибе көрсеткендей, қаржылық активтер, келесі критерийдің біріне тиісті, ереже бойынша өтеуге жатпайды:

- борышкердің қаржылық міндеттемелері бұзылған жағдайда; немесе
- компания ішінде әзірлеген немесе сыртқы көздерден алынған ақпарат, борышкердің өзінің кредиторларына екіталай төлеуін көрсетеді, Компанияны толық көлемде қоса алғанда (Компанияда ұсталатын қандай да бір қамтамасыз етусіз).

Жоғарыда келтірілген талдауға қарамастан, Компанияның пікірінше, қаржылық актив 90 күннен өтіп кетсе дефолт болады, егер Компанияның көрсететін, ақылға қонымды және шынайы ақпараты болмаса, неғұрлым қолайлы дефолт критерийіне бұл неғұрлым қолайлы болып табылады.

#### Несиелік-құнсызданған қаржы активтері

Қаржылық актив несиелік-құнсыздану болып табылады, егер осы қаржы активі бойынша болашақтағы ақша қаражатының ағынының болжамына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиғалар болған болса. Дәлелдемелер үшін қаржылық актив несиелік-құнсыздануы төмендегі оқиғалар туралы деректердің бақылауын қамтиды:

- эмитенттің немесе қарыз алушының айтарлықтай қаржылық қиындықтары;
- міндеттемелерді орындамау (дефолт) немесе мерзімі өткен оқиға сияқты шарттың бұзылуы;
- қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты экономикалық немесе шарттық себептері бойынша қарыз алушының кредиторы(-лары) қарыз алушыға концессия берді, олай болмаған жағдайда оны кредитор(-лар) қарастырмас еді;
- ықтималға айналуға, бұл қарыз алушы банкроттық немесе басқа қаржылық қайта ұйымдастыруды бастайды; немесе
- қаржылық қиындықтарға байланысты осы қаржы активі үшін белсенді нарықтың жоғалуы.

#### Активтерді есептен шығару бойынша саясат

Борышкердің елеулі қаржылық қиындықтары туындағанын көрсететін ақпарат болған кезде, және шынайы қалпына келтіру перспективасы болмаса Компания қаржылық активтерді есептен шығарады, мысалы, борышкер таратылу рәсімінде немесе банкроттық жағдай бойынша күшін рәсімдегенде, немесе сауда-саттық дебиторлық берешек сомасы үш жылдан астам мерзімі өткенде, осылардың қайсысы бұрын болатынына байланысты. Есептен шығарылған қаржылық активтер бұрынғыша өндіру рәсіміне сәйкес құқық қолдану қызметіне жатқызылады, қажет болған жағдайда заңды кеңесті ескере отырып. Кез-келген қалпына келтірулер пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

### **2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)** *(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)*

---

#### *Күтілетін несиелік шығындарды тану және бағалау*

Күтілетін несиелік шығындардың бағалауы дефолт ықтималдық функциясы болып табылады, дефолтты (яғни, жоғалту шегінде дефолт бар болса) және дефолт кезіндегі ұшырайтын шығындарды ескере отырып. Дефолт ықтималдылығы мен дефолт шығындарын ескере отырып бағалау, жоғарыда сипатталғандай түзетілген болжамдық ақпаратты ескере отырып тарихи деректерге негізделген. Дефолт кезіндегі ұшырауына қатысты, қаржы активтері үшін ол есепті күнге жалпы баланстық активтерінің құнын білдіреді; қаржы кепілдік шарттар үшін, есепті күнге кез келген қосымша сомаларымен бірге игерілген қарыз сомасы ұшырауды қамтиды, олар, күтіліп отырғандай, дефолттың болашақтағы күніне есептен шығарылады (қойылуы), және анықталған тарихи үрдістерді негізге ала отырып, Компания нақты борышкерлердің болашақ қажеттіліктерін қаржыландыру және басқа да тиісті болжамды ақпаратты түсіну.

Қаржы активтері үшін күтілетін несиелік шығындар барлық шарттық ақша ағындары арасындағы айырма ретінде бағаланады, олар келісім шартқа сәйкес Компания бастапқы әсерлі пайыздық мөлшер бойынша дисконтталған. барлық ақша ағымдарын уақытылы алуын күтуде. Жалдау бойынша дебиторлық берешек үшін, күтілетін несиелік шығындарды анықтау үшін пайдаланылған ақша ағындары, 16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау» бойынша бағалау кезінде жалдау ақысының берешегін алуға пайдаланылған ақша ағындарына сәйкес .

Қаржы кепілдік шарттары бойынша Компания, құралдардың талаптарына сәйкес борышкердің тек дефолт болған жағдайында ғана төлемді төлеуге міндетті, кепілдендірілген күтілетін шығын мөлшері Компания кез келген басқа тараптардан немесе борышкерден, ұстаушыдан алуды күтіп отырған барлық шығындарды шегере отырып ұстаушыға келтірілген несиелік шығындарды өтеу үшін күтілетін төлемдердің сомасына тең.

Егер Компания алдыңғы есепті кезеңде қаржы құралы бойынша шығындардың резервін барлық мерзімге күтілетін несиелік шығындарға тең сомада бағалады, бірақ, ағымдағы есепті күнге, барлық мерзімге күтілетін несиелік шығындарға қойылатын шарттар қанағаттандырылмайды деп анықтады. Компания резервтің мөлшерін 12 айда күтілетін несиелік шығындардың сомасына тең бағалайды, ағымдағы есепті күнге оңайлатылған көзқарас қолданылған активтерді қоспағанда.

Компания пайда немесе шығын құрамында барлық қаржы құралдары бойынша баланстық құнын резерв арқылы шығынды жабуға арналған тиісті түзетулердің құнсыздануынан болған пайда немесе шығынды мойындайды, ПЗАӘҚБ ретінде ескеріп, борыштық құралдардың инвестицияларын қоспайды, және шығындарды жабуға арналған резерв басқа да жиынтық табыстың құрамында көрсетіледі, және тиісті инвестицияларды қайта бағалау резервінде жинақталады және бухгалтерлік баланста қаржы активтің баланстық құны азаймайды.

#### **Қаржы міндеттемелері және капитал**

Қарыздық шығарған және үлестік қаржылық құралдары сәйкес келісім шарт мәнінен, сонымен қатар қаржылық міндеттеме мен үлестік құрал анықтамаларынан шыға отырып, қаржылық міндеттеме немесе капитал ретінде сыныпталады.

#### *Меншікті капитал*

Қарапайым акциялар капитал ретінде жіктеледі. Ұйымдарды біріктіру жағдайларынан басқа жаңа акциялар шығаруға тікелей қатысты сыртқы шығындар капитал түсімдері сомасынан шегерілгендер ретінде көрсетілген. Алынған қаражат әділ құнының шығарылған акциялардың номиналды құнынан кез келген артуы қосымша төленген капитал ретінде мойындалады.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

---

#### *Қаржы міндеттемелері*

ПЗАӘҚБ немесе пайыздық мөлшерлеме әдісін тиімді пайдалана отырып кейіннен барлық қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құн бойынша бағаланады. ПЗАӘҚБ ретінде ескерілмейтін қаржылық міндеттемелер, кредиторлық берешектер, есептелген міндеттемелер, несиелер, дивидендтерді төлеу сияқты және басқа да міндеттемелер пайыздық мөлшерлеме әдісін тиімді пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

#### *Қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер*

Қаржылық кепілдік шарты – бұл шарт, оған сәйкес борыштық құралдардың талаптарына сәйкес борышкер өз міндеттемелерін мерзімінде орындамаған төлемдер бойынша, кепілгер кепіл ұстаушының пайдасына шығынды өтеу мақсатында белгілі бір төлемдер жүргізуге міндетті. Қаржылық кепілдік шарттар бойынша міндеттемелер бастапқыда олардың әділ құны бойынша бағаланады және, егер олар ПЗАӘҚБ талаптары ретінде белгіленбесе және активті беру нәтижесінде туындамаса, ең жоғарғы деңгей бойынша кейіннен бағаланады:

- 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес шығындарға резерв мөлшерін (жоғарыда Қаржы активтерін қараңыз); және
- бастапқы танылған соманы шегере отырып, жинақталған амортизация саясатына сәйкес танылған кірісті тану.

#### **Жалға алу**

##### *Компания жалға алушы ретінде*

Компания шарт жалдау шарты болып табыла ма немесе ол жасалған сәттен бастап жалға алу бар ма деп бағалайды. Компания қысқа мерзімді жалдауды (жалдау мерзімі 12 ай немесе одан кем жалдау ретінде айқындалатын) және құны төмен жалдауды қоспағанда (мысалы, планшеттер мен дербес компьютерлер, кеңсе жиһаздары және телефондар), ол жалға алушы болып табылатын барлық жалдау шарттарына қатысты пайдалану құқығы нысанында активті және жалдау бойынша тиісті міндеттемені таниды. Осы жалдау шарттарына қатысты Компания шығыстарды бөлудің басқа әдісі жалға алынған активтерден экономикалық пайданы уақыт бойынша бөлуге неғұрлым дәл сәйкес келетін жағдайларды қоспағанда, жалдау мерзімі ішінде бір қалыпты негізде операциялық шығыстар ретінде жалдау төлемдерін таниды.

Жалдау бойынша міндеттемелер бастапқыда жалдаудың басталу күнінде төленбеген, жалдау белгіленген пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша бағаланады. Егер бұл мөлшерлемені анықтау оңай болмаса, Компания жалға алушының қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін қолданады.

Жалдау бойынша міндеттемелердің мөлшеріне кіретін жалдау төлемдері келесі төлемдерден тұрады:

- жалдау бойынша алынатын кез келген ынталандыру төлемдерін шегеріп, тіркелген төлемдер (оның ішінде айтарлықтай белгіленген төлемдер);
- жалдаудың басындағы индексті немесе мөлшерлемені қолдана отырып өлшенген индекске немесе мөлшерлемеге байланысты өзгермелі жалдау төлемдері;
- жалға алушы тарату құнының кепілдігі бойынша төлеуі күтілетін сомалар;
- егер жалға алушы бұл опцияны жүзеге асыратынына жеткілікті сенімді болса, сатып алу опционын орындау бағасы; және
- егер жалдау мерзімі жалға алушының жалдауды тоқтату мүмкіндігінің қолданылуын көрсетсе, жалдауды тоқтатқаны үшін айыппұл төлеу.

Жалгерлік міндеттемелер бухгалтерлік баланс туралы есепте бөлек жол түрінде ұсынылған.

Кейіннен жалдау міндеттемесі жалдау міндеттемесі бойынша сыйақы мөлшерінің баланстық құнын (тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып) ұлғайту және баланстық құнын төленген жалдау төлемдерінің сомасына азайту арқылы өлшенеді.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

---

Компания жалдау міндеттемесін қайта бағалайды (және активті пайдалану құқығы түріндегі тиісті түзетуді жасайды):

- жалдау мерзімі өзгерді немесе елеулі оқиға немесе жағдайлар сатып алу опционын бағалауды өзгертуге әкеліп соқты, бұл жағдайда жалдау міндеттемесі қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау арқылы қайта қарастырылған жалдау төлемдерін қайта есептеу арқылы қайта қаралады;
- жалдау төлемдері индекстің немесе ставканың өзгеруіне немесе қалдық құнының кепілдігі бойынша күтілетін төлемнің өзгеруіне байланысты өзгертіледі, бұл жағдайда жалдау міндеттемесі өзгермеген дисконт мөлшерлемесін қолдана отырып, қайта қаралған жалдық төлемдерді дисконттау арқылы қайта қаралады (егер жалгерлік төлемдер құбылмалы пайыздың өзгеруіне байланысты өзгермесе) мөлшерлемелер, бұл жағдайда қайта қаралған есептік мөлшерлеме қолданылады).
- жалдау шарты өзгертілді және жалдау шарттарының өзгеруі жеке жалдау ретінде есепке алынбайды, бұл жағдайда жалдау мерзімі өзгертілген күнімен қайта қаралған жалдау төлемдерін дисконттау арқылы өзгертілген шарттармен жалдау мерзімінің негізінде қайта қаралады.

Пайдалану құқығы түріндегі активтер тиісті жалдау міндеттемелерін бастапқы бағалауды, жалдау басталған күні немесе оған дейін төленген жалдау төлемдерін, жалдау үшін алынған барлық ынталандыруларды және кез келген бастапқы шығындарды шегеріп тастайды. Кейіннен бұл активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған шығындарды шегеріп тарихи құны бойынша бағаланады.

Егер Компания жалға алынған активті бөлшектеуге және жылжытуға, ол орналасқан учаскені қалпына келтіруге немесе жалдау шарттарымен талап етілетін жағдайға қалпына келтіруге кететін шығындар бойынша міндеттемелер қабылдаса, онда резерв 37 ХҚЕС (IAS) сәйкес танылады және бағаланады. Егер шығындар қорларды өндіруге жұмсалмаса, шығындар активке байланысты болған жағдайда активтің құнына пайдалану құқығы түрінде енгізіледі.

Пайдалану құқығы түріндегі активтер жалдау мерзімі неғұрлым қысқа мерзім ішінде амортизацияланады және базалық активтің пайдалы қызмет мерзімінде. Егер жалдау базалық активке меншік құқығы немесе активтің пайдалану құқығы түріндегі құны Компанияның сатып алу ниетін көрсетсе, пайдалану құқығы түріндегі тиісті актив базалық активтің пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады. Амортизация жалдау басталған күннен басталады.

Пайдалану құқығы түріндегі активтер жеке жылдық қаржылық есептілігінің нысандарының бухгалтерлік балансында бөлек жол түрінде берілген және негізгі құралдармен бірге ашылады.

Компания 36 ХҚЕС (IAS) қолдану құқығындағы активтің құнсыздануын айқындау үшін қолданады және жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды есепке алу саясатында сипатталғандай құнсызданудан болған кез-келген шығындарды ескереді.

Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелсіз өзгермелі жалдау төлемдері жалдау міндеттемелері мен активтерді пайдалану құқығындағы мөлшерге қосылмайды. Тиісті төлемдер осы төлемдерді тудыратын оқиға немесе жағдай туындаған кезеңдегі шығындар ретінде танылады, және «Жалдау» жолына пайдаға немесе шығынға кіреді (22 және 23 Ескертулер).

16 ХҚЕС (IFRS) жалға алушыға жалдауға жатпайтын компоненттерді бөлуге мүмкіндік бермейді және оның орнына жалдау және жалгерлікке жатпайтын компоненттерді бірыңғай келісім ретінде қарастырады. Компания мұндай практикалық мақсатты қолданбаған.

#### **Түсімді тану**

Түсім өтеу негізінде бағаланады, ол Компания клиентпен шарт негізінде құқығын алуын күтеді және үшінші тараптар атынан жиналған сомасын алып тастайды. Компания тауарлар мен қызметтерді бақылау сатып алушыға ауысқан кезде қосылған құн салығын шегере отырып түсімді таниды.



## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

### **2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)** *(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)*

---

Компания мынадай негізгі көздер арқылы түсімді таниды:

- Мемлекет ішіндегі және халықаралық қатынастар бойынша жолаушылар тасымалы;
- Жолаушыларға қызмет көрсету;
- Жол жүру құжаттарын қайтару және брондау үшін комиссия;
- Пошта және жүк тасымалдау;
- Өзге де.

#### *Жолаушылар тасымалынан болған кірістерді есепке алу*

Жолаушылар тасымалынан болған кіріс сатып алушының сапары аяқталған сайын есептік күнге танылады. Билеттерді сатудан түскен сомалар болашақ кезең табыстары құрамында танылады және де олар табыс ретінде жолаушының сапары басталған кезде танылады. Тапсырыс берушілерден әлі қызмет көрсетілмеген транспорттық қызметтер үшін алынған алдын ала төлем сомасы алдын ала төлемдер құрамында төлем алынған кезде бірден танылады. Жолаушыларды тасымалдау бойынша тапсырыс түскен сайын алдын ала төлемдер сомасы келешек кезең кірістері құрамына аударылады. Келешек кезең кірістері жолаушы сапарға шыққан сәтте табысқа жатқызылады.

Жолаушылар тасымалы қызметі негізінен бірнеше сағат/күн ішінде аяқталады. Өткен тәжірибені талдау негізінде келесі кезеңге өткен аяқталмаған тасымалдаудан болған түсімнің әсері есептік кезеңге елеулі емес.

#### *Жолаушыларға қызмет көрсету*

Жолаушыларға төсек жабдықтарын беру бойынша түсетін кіріс жолаушыларға қызмет көрсетуден түсетін кіріс болып ұсынылады және сатып алушының сапары аяқталған соң есепті күнге танылады.

#### *Жол жүру құжаттарын қайтару және брондау үшін комиссия*

Жол жүру құжаттарын брондау үшін комиссия алынады және билет кассаларында орындарды резервтеу және брондау кезінде өтінім алымдардың төлемін қабылдау кезінде кіріс ретінде танылады және автоматтандырылған тәсілмен ресімделеді.

Жолаушының жол жүруден бас тартуына байланысты жол жүру құжатының (билеттің) қайтару операциясы үшін жолаушылардан комиссия алынады және жол жүру құжатын қайтару кезінде кіріс танылады.

#### *Пошта және жүк тасымалдау*

Компания пошта және жүк тасымалдау кірісін есепті күнге пошта және жүк тасымалдау жөнелтілімдерін аяқталу дәрежесі бойынша таниды.

#### *Қызметтерді көрсету және тауарларды сату бойынша өзге де кірістер*

Металлолом және материалдарды, тауарларды сату бойынша кірістер, алынған айыппұл, жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жал бойынша кірістер өзге де кірістер болып табылады.

Қызмет көрсетуден басқа да табыстар уақыт мерзімі аралығында қызмет көрсетілген сайын танылады. Егер де Компания өз қызметтерін белгілі бір уақыт аралығында орындамаса, онда ол қызметін нақты белгілі бір уақытта орындайды да (тауарларды, материалдарды және металлоломды сату), түсім тауарлар бойынша бақылау сатып алушыға ауысқан сәтте танылады.

Компанияда тауарларды немесе қызметтерді клиентке беру мен клиенттен төлемді алу арысындағы уақыт бір жылдан асатын елеулі келісім-шарттар жоқ. Демек, Компания мәміле бағасын ақшаның уақыттық құнына түзетпейді.

## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

### **2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)** *(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)*

---

#### **Шығыстарды тану**

Шығыстар шыққан сәтінде мойындалады және жылдық жеке қаржылық есептілігінің нысандарында олар қатысты кезеңде бейнелеп көрсетіледі.

#### **Мемлекеттік субсидиялар**

Мемлекеттік субсидиялардың әділ құны субсидиялар алуға сенімді болғанда және барлық тиісті талаптар сақталғанда ғана танылады. Мемлекеттік субсидиялар осы субсидиялар тасымалдаушылардың әлеуметтік маңызды қатынастары бойынша шығындарын жабатындай болғанда кезең-кезеңімен тұрақты негізде түсетін табыс ретінде табылады.

#### **Қарыздар бойынша шығындар**

Жоспар бойынша қолданысқа енгізу үшін немесе сатуға көп уақыт талап ететін активтерді сатып алу, құрылысы немесе жасалауымен байланысты қарыздар бойынша шығындар тікелей жоспарланған уақытта қолданысқа енгенге дейін активтердің құнына енеді.

Қарыздарды квалификациялық активтерді сатып алуға жұмсағанға дейінгі кезең ішінде уақытша инвестицияланған қаражаттан алынған пайда, қарызды алуға шыққан шығындарды өтеуге жұмсалады.

Қарыздар бойынша басқа да шығындар пайда болуына қарай шығындарда және пайдада көрініс табады.

## **5. ЕЛЕУЛІ ЖОРАМАЛДАР МЕН БАҒАЛАУДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІКТЕРДІҢ КӨЗІ**

Қаржылық есептілігін ХҚЕС сәйкес дайындау Компания басшылығының есептелген активтер мен міндеттемелер сомасына әсер ететін субъективті бағалар мен болжауларды пайдалануы және осы қаржылық есептілігіне қол қойылған күнге әлеуетті активтер мен міндеттемелер туралы ақпараттарды ашуды және есептік кезең ішіндегі кірістер мен шығыстардың ескерілген сомасын көздейді. Нақты нәтижелер осы субъективті бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

#### **Есеп саясатын қолдану барысында пайдаланылған елеулі жорамалдар**

Төменде болашаққа қатысты негізгі жорамалдар және келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын елеулі түзетуге әкелетін ықтималдықтың үлкен үлесі бар есепті кезеңнің соңындағы бағалаулардағы белгісіздіктің басқа да негізгі көздері келтірілген.

Төменде Компанияның есеп саясатын қолдану кезінде басшылық пайдаланған және жылдық жеке қаржылық есептілігінің нысандарына бейнеленген сомаларда елеулі әсер ететіндерден басқа болжаулар келтірілген.

#### *Шығыстарды капиталдандыру*

Компания вагондардың пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде бір рет қана вагондардың ақаулығына ірі техникалық тексеру жүргізеді. Ірі техникалық тексеру жүргізу бойынша шығындар осындай вагондардың құнына капиталдандырылады және көзделген қалған пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тең амортизацияланады. Ірі техникалық тексеру жүргізу кезінде пайдалы қызмет ету мерзімі 5-16 жылға ұзартылады.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

---

#### *Бизнес моделін бағалау*

Қаржылық активтерді жіктеу және өлшеу қарыздың және сыйақының негізгі сомасын төлеу нәтижелеріне және бизнес-модельді тестілеу нәтижелеріне байланысты болады. Компания пайдаланатын бизнес-модель белгілі бір іскерлік мақсатқа қол жеткізу үшін топтарға топтастырылған қаржы активтерін басқару механизмін көрсететін деңгейде анықталған. Бұл бағалау барлық тиісті дәлелдерді, соның ішінде активтердің жұмысын бағалау және бағалау процесіне қатысты пікірлерді қолдануды қамтиды; активтердің тиімділігіне және осы тәуекелдерді басқару процесіне әсер ететін тәуекелдер, сондай-ақ активтерді басқарушыларға сыйақы беру механизмі. Компания амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтерге олардың шығарылу себебін және олардың осы актив ұсталған бизнес мақсаттарына сәйкестігін түсіну үшін танылғанға дейін танылуы тоқтатылған. Мониторинг Компанияның қалған қаржылық активтері бар бизнес моделінің өзектілігін ағымдағы бағалауының бөлігі болып табылады. Модельдің сәйкессіздігі жағдайында бизнес-модельдегі өзгерістер мен тиісті активтердің жіктелуіндегі мүмкін өзгерістерге талдау жасалады.

#### *Несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі*

4 Ескертуде мазмұндағандай, күтілетін несиелік шығындардың шамасы 1-сатының активтері үшін 12 айлық күтілетін несиелік шығындарға немесе 2 немесе 3-сатылардың активтері үшін барлық мерзім ішінде күтілетін несиелік шығындарға тең резерв ретінде бағаланады. Актив 2-ші кезеңге оның несиелік тәуекелі бастапқы танылған кезге қарағанда айтарлықтай деңгейде өскен кезде ауысады. 9 ХҚЕС (IFRS) несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі бойынша анықтама берілмеген. Активтің несиелік тәуекелі айтарлықтай өскендігін бағалау кезінде Компания сапалық және сандық негізделген және дәлелденген ақпаратты ескереді.

#### **Бағалаудағы белгісіздіктердің негізгі көздері**

Төменде Компанияның есеп саясатын қолдану кезінде басшылық пайдаланған және жылдық жеке қаржылық есептілігінің нысандарында бейнеленген сомаларда елеулі әсер ететіндерден басқа болжаулар келтірілген.

#### *Негізгі құралдар және пайдалану құқығы түріндегі активтердің құнсыздануы*

Әрбір есепті күнге Компания жеке активтің немесе Компанияның қозғалыс бірлігінің құнсыздану белгілері бар-жоғын бағалайды. Активтің құнсыздану белгілерінің бар-жоғын анықтау көптеген факторларға негізделеді, мысалы: қайта құрылымдау процесінің өзгеруі, теміржол саласының өсуін күтуі, ақшалай қаражаттардың есептік ағындары, қол жетімділіктің өзгеруі, соның ішінде болашақта субсидиялар; технологиялық ескіру, қызмет көрсетуді тоқтату, ағымдағы шығындар және құнсызданудың бар екендігін көрсететін жағдайлардың басқа өзгерістері.

Егер мұндай белгілер болса, активтің өтелетін құны құнсыздандырылады және активтің теңгерімдік құнымен салыстырылады. Теңгерімдік құн активтің өтелетін құнынан асып түскен жағдайда құнсыздану мойындалады. Өтелетін құн мына екі ұғымдардың едәуірі ретінде белгіленеді: сатуға арналған шығыстарды шегере отырып активтің әділ құны және қолданылу құны. Ақша қаражатының есептік келешектегі ағымдарын пайдалану құнын бағалау кезінде, басшылықтың пікірі бойынша, ақшаның уақытша құнын және тәуекелділікті ағымдағы нарықтық бағалауға тән активтерге әсер ететін салық салуға дейін дисконт мөлшерлемесін қолдана отырып, олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Өтелетін бағалау құнындағы өзгеріс келешектегі кезеңдерде құнсыздандыруға немесе оны қалпына келтіруге әкеп соқтыруы мүмкін.

## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

### **2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)** *(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)*

---

2019 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания негізгі құралдардың құнсыздану белгілерінің бар-жоғын бағалады. 2019 ж. мемлекеттен алынған субсидиялардың өсуі алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 59% құрады, нәтижесінде операциялық қызметтен түскен ақша ағындары айтарлықтай жақсарды. 3 Ескертуде көрсетілгендей, 2019 ж. 21 қыркүйектен бастап уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі аймақаралық байланыста жүретін бірқатар маршруттар бойынша жолаушыларды тасымалдауға тарифтерді 10% көтеруге келісті (2018: 7%).

2019 ж. қарашасында 15,736,000 мың теңге мөлшерінде Акционер ақшалай төлеген қаражатқа Компания 15,736 акцияны шығарды. Бұл қаражат Акционерге кредиторлық берешекті өтеуге жұмсалды. Сонымен қатар, Компания жылжымалы құрамды ауыстыру үшін жеңілдетілген қаржыландыру алуды жалғастыруда. Осылайша, Компания есепті күнге негізгі құралдардың құнсыздану және пайдалану құқығы түріндегі активтердің белгілері жоқ деген қорытынды жасады.

Сонымен бірге, жалпы экономикалық тенденцияларға, бағаларға, мемлекеттік қолдау деңгейіне байланысты жолаушылар айналымының жоспарлы өсу қарқынының жағымсыз өзгерістері, оның ішінде субсидиялар, инфляцияға тарифтерді жеткіліксіз индексациялау, жылжымалы құрамды ұстауға және ауыстыруға арналған капиталды салымдар деңгейі және болашақтағы басқа да жағымсыз өзгерістер көрсеткен кезеңдегі негізгі құралдарды құнсыздану белгілері басшылықтың бағалауына әсер етуі мүмкін.

#### *Күтілетін несиелік шығындарға резерв есептеу*

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалай отырып, Компания түрлі экономикалық факторлардың болашақ өзгерістері туралы және олардың бір-біріне әсері туралы болжамдарға негізделген перспективалар туралы ақылға қонымды және сенімді ақпаратты пайдаланады.

Дефолт есепке алған шығын дефолт кезінде туындайтын шығындарды бағалау болып табылады. Ол кредитордың кредиттік қабілеттілігін қамтамасыз ету мен интегралды жоғарылауының тиесілі шарттық ақша ағындары мен ақша ағындарының арасындағы айырмашылығына негізделген.

Дефолт ықтималдығы несиелік шығындардың өлшеу деңгейіндегі негізгі кіріс сигналы болып табылады. Дефолт ықтималдығы - бұл тарихи деректерді, болжамдарды және болашақ жағдайларды күтуді қамтитын берілген уақыт шегіндегі бағалау.

#### *Зейнеткерлікке шыққаннан кейін қызметкерлерге сыйақы беру*

Компания зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі белгіленген төлемдер бойынша міндеттемелердің ағымдағы құнын және осыған байланысты қызметтердің ағымдағы құнын анықтау үшін актуарлық әдістерін (19 Ескерту) қолданады. Бұл сыйақыны беруге болатын (жұмыс істеп жүргенде немесе кейіннен қайтыс болуы, қызметкерлер санының өзгеруі бойынша статистика және өзгелер) қазіргі және кеткен қызметкерлердің келешектегі мінездемесіне қатысты демографиялық болжамдарды, сондай-ақ қаржы болжамдарын (дисконттау мөлшерлемесі, келешектегі жылдық материалдық көмек, келешектегі жылдық минималды еңбекақы, темір жол билетінің келешектегі орташа бағасы) қолдануды қажет етеді.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

*Кейінге қалдырылған табыс салығының әсерін бағалау*

Әрбір есептік күнге Компания басшылығы активтердің баланстық сомасы мен жылдық жеке қаржылық есептілігінің нысандарындағы міндеттемелерді салықтық базаға сәйкес салыстыру жолымен кейінге қалдырылған табыс салығының келешектегі әсерін анықтайды. Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер тиісті есептік күнде қолданыста болған немесе енді қолданысқа енгізілетін осы кезеңде қолданылатын салықтық мөлшерлемелерге (салықтық заңнамаларға) негізделіп есептеледі. Кейінге қалдырылған табыс салығының активтердің теңгерімдік құны әр есептік күнде бағаланады және кейінге қалдырылған салық активтердің толық немесе бөлігіне қарсы пайдалануы мүмкін жеткілікті салық пайдасының түсу болжамы болмаған жағдайда ғана сол дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған активтер бухгалтерлік баланс туралы жеке есептікті құрастыру әр күніне қайта қарастырылады да келешектегі салық салу пайдасы кейінге қалдырылған активті қалпына келтіріп беретін мүмкіншілігі бар болған жағдайда ғана мойындалады.

*Қосымша құн салығын өтеу (бұдан әрі – «ҚҚС»)*

Әрбір есептік күндегі жағдай бойынша Компания Қазақстан Республикасынан тыс жерде қызметтерді ұсынғандықтан туындаған ҚҚС өтелмейтін сомасына қатысты резервті бағалауды жүргізеді (8 және 11 Ескертулер). Компания сатып алушыларға ҚҚС қоя алмайды және сәйкесінше ҚҚС бойынша міндеттемелердің келешектегі сомасына қарама-қарсы есепке алу немесе салық органдарынан оларды алу арқылы ғана осы сомаларды сата алады. Компания өз салық бөлімінен алынған ҚҚС бойынша күтілетін міндеттемелер туралы ақпаратты, салық органдарымен хат алмасуды, сондай-ақ оны өтеуге қатысты бастапқы деректерді қарастырады. ҚҚС өтеудің нақты сомасы операциялық нәтижелерге елеулі әсер беруі мүмкін, сонымен қатар Компанияның баға сомасына әсер беруі мүмкін.

*Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызмет ету мерзімі*

Компания жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызмет мерзімін әрбір есепті кезеңде қарастырады. Активті пайдалы пайдалану мерзімін бағалау экономикалық пайдалану, жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі бағдарламалар, технологиялық жақсарту және өзге де іскерлік жағдайлар сияқты факторларға тәуелді болады. Басшылықтың жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызмет ету мерзімін бағалауын, осы жылдық жеке қаржылық есептілігінің нысандарында тиісті ақпараттардан көре алады.

Компания қолданатын пайдалы қызмет етудің бағалау мерзімдері төменде көрсетілген (жылдарда):

Ғимараттар мен құрылыстар	20-45
Машиналар, жабдықтар	10-20
Темір жол көлігі	15-40
Өзге көліктер	5-25
Өзгелер	3-40

*Қазақстандық салық салу жүйесіне байланысты шартты міндеттемелер*

Қазақстандық түрлі заңнамалық актілер мен нормалар әрқашан анық жазыла бермейді және олардың түсіндірілуі де Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен жергілікті салық инспекторларының ой-пікірлеріне тәуелді болады. Республикалық, аймақтық және жергілікті салық органдары арасында ой-пікірлердің алшақтығы бар жағдайлар да аз емес. Қазақстандық заңдар, үкімдер мен стандарттардың бұзылғаны жөнінде анықталған жағдайларға қолданылатын айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеу тәртібі өте қатаң. Санкциялар бойынша даулы сома (валюталық реттеуді бұзғаны үшін), сондай-ақ әдетте есептелген салыққа дейінгі соманың 80% мөлшеріндегі айыппұл да тәркіленеді. Өтемпұлдың мөлшерлемесі 11.56% құрайды. Нәтижесінде айыппұлдар мен өтемпұлдар кез келген дұрыс есептелмеген салықтық сомадан бірнеше есе асып кететін сомаларға алып келуі мүмкін.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

Компания барлық қолданылатын салықты төледі немесе есептеді деп пайымдайды. Даулы жағдайларда Компания салық міндеттемелерін басшылықтың нақтыланған бағалауларының негізінде қайта есептеп шығарды. Компания саясаты бойынша шығыстардың болу мүмкіндігі мен олардың нақтыланған сомасы бар болған жағдайда ғана резервтерді есептік кезеңде қалыптастырады.

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән екі ұштылықтан, салықтың әлеуетті сомасы, айыппұл санкциялары және өтемпұлдар осы уақыт аралығы және 2019 ж. 31 желтоқсанына есептелген шығыстарға жатқызылған сомадан артып кетуі мүмкін. Орын алуы мүмкін түрлі ұсынылмаған талап-арыздардың сомасын немесе қолайсыз нәтижелердің сомасын анықтап болжау мүмкін емес.

#### *Нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлемен алынған несиелер*

Компания ұқсас несиелер үшін нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеменен Акционерден/Соңғы акционерден несиелерді де, сондай-ақ пайызсыз қаржылық көмек те алады. Бұл несиелер мен қаржылық көмек бастапқыда қарыз қаражатын тартумен байланысты шығындар қоса есептелген ақша қаражатының әділ құнымен есептеледі. Компания капитал құрамында осы несиелердің әділ құнын ұқсас мерзімдік ұзақ мерзімді әділ құнын (амортизацияланатын құнын) көрсететін құнмен есепке алып, мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің мөлшерлемелерін қолданып есептейді және несиені әділ құнына дейін түзетуді таниды (кейінге қалдырылған сәйкес салықты шегергенде). Ұқсас мерзімдер болмаған жағдайда, Компания көбірек сәйкес келетін нарықтық мөлшерлемені Компания алған несие мерзіміне экстраполяциялайды. Компания қысқа мерзімді несиелер мен пайызсыз қаржылық көмек үшін қаржылық көмек пен осы несиелердің мерзімдеріне сәйкес нарықтық мөлшерлемені қолданады. Бастапқы танудан кейін несиелер мен қаржылық көмек амортизациялық құнмен пайдалы пайыз мөлшерлемесі әдісі қолданылып есепке алынады.

## 6. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 010 ЖОЛ КОДЫ)

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Қысқа мерзімді банктегі салымдар, теңгеде	10,110,764	5,478,000
Банктегі ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты, еуро	5,937,698	1,318,840
Банктегі ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты, теңгеде	341,992	245,629
Жолдағы ақша қаражаттары	202,378	364,584
Банктегі ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты, ресей рублінде	119,712	1,159
Банктегі ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты, АҚШ долларында	53,618	-
	<b>16,766,162</b>	<b>7,408,212</b>
Шегеріммен: ақша қаражаты және оның баламалары бойынша күтілетін несиелік шығындар	(11,852)	(9,231)
	<b>16,754,310</b>	<b>7,398,981</b>

Банктердегі шоттардағы ақша қаражатына жылына 0.5%-дан (2018 ж.: жылына 0.5%) пайыздық мөлшерлемелерге негізделген сыйақы қосылады.

2019 ж. 31 желтоқсанына ағымдағы шоттардағы ақша негізінен «Халық банкі» АҚ орналастырылған.

2019 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Халық банкі» АҚ 7.8% пайыздық мөлшерлеменен 10,110,764 мың теңге қысқа мерзімді салым ретінде 5 күнге салынды (2018 ж.: 31 желтоқсан «Халық банкі» АҚ-на 5,478,000 мың теңге, 5 күн, 7.5%).

Ақша қаражаты және оның баламаларының несиелік және валюталық тәуекелге ұшырау туралы ақпарат 29 Ескертуде ұсынылған.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

#### 7. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТЕР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 016 ЖОЛ КОДЫ)

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Бөгде кәсіпорындардың сауда дебиторлық берешегі	323,514	393,768
Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі (30 ескерту)	62,867	139,774
Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	23,084	10,259
Өзге де дебиторлық берешек	441,380	1,362,199
	<b>850,845</b>	<b>1,906,000</b>
Шегеріммен:		
өзге де дебиторлық берешек бойынша күтілетін несиелік шығын	(351,339)	(350,419)
сауда дебиторлық берешек бойынша күтілетін несиелік шығын	(622)	(6,144)
	<b>498,884</b>	<b>1,549,437</b>

Компанияның клиенттерге көрсетілген қызметтері бойынша берешекті өтеу күні, орташа мерзімде 20 күнді құрайды. Компания өтелмеген сауда және өзге де дебиторлық берешек бойынша пайыздар есептемейді.

2019 және 2018 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және өзге де дебиторлық берешек келесі валюталарда болды:

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Теңге	359,300	1,287,127
Швейцария франкі	123,605	232,099
Еуро	15,979	30,211
	<b>498,884</b>	<b>1,549,437</b>

Компанияның матрица резервтері негізінде сауда дебиторлық берешектің тәуекелдері бойынша сипаттамасы келесі кестеде келтірілген:

	<b>Мерзімі өтпеген</b>	<b>Мерзімі өткен</b>				<b>Жиыны</b>
		<b>&lt; 30</b>	<b>31 – 60</b>	<b>61 – 90</b>	<b>91 – 120</b>	
<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>						
Несиелік шығындардың күтілетін пайызы (орташа өлшеумен)	0.11%	0.18%	-	-	12.46%	
Жалпы баланстық құн	384,361	567	-	-	1,453	386,381
<b>Бүкіл мерзімде күтілетін несиелік шығын</b>	<b>(440)</b>	<b>(1)</b>	<b>(-)</b>	<b>(-)</b>	<b>(181)</b>	<b>(622)</b>
<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>						
Несиелік шығындардың күтілетін пайызы (орташа өлшеумен)	0.43%	2.83%	5.20%	9.27%	17.53%	
Жалпы баланстық құн	478,792	-	47,317	3,610	3,823	533,542
<b>Бүкіл мерзімде күтілетін несиелік шығын</b>	<b>(1,601)</b>	<b>-</b>	<b>(2,460)</b>	<b>(335)</b>	<b>(1,748)</b>	<b>(6,144)</b>

Сауда және өзге де дебиторлық берешектің несиелік және валюталық тәуекелге ұшырау туралы ақпарат 29 Ескертуде ұсынылған.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)

#### 8. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 022 ЖОЛ КОДЫ)

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Өтелетін ҚҚС	1,875,209	3,383,930
Табыс салығын қоспағанда, салық бойынша алдын ала төлем	508,067	440,515
Берілген қысқа мерзімді аванстар	319,097	607,686
Келешектегі кезеңдердің шығыстары	15,829	3,488
Басқалар	13,354	13,349
	<b>2,731,556</b>	<b>4,448,968</b>
Шегеріммен: өзге де ағымдағы активтер бойынша күмәнді берешек бойынша резерв	(77,923)	(66,333)
	<b>2,653,633</b>	<b>4,382,635</b>

2019 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қайтарылуға тиісті ҚҚС сомасы 1,875,209 мың теңгені құрады. ҚҚС асып кетуі келесілер бойынша қалыптасты:

- 2018 ж. 766,880 мың теңге сомасы;
- 2019 ж. 1,108,329 мың теңге сомасы.

2019 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1,875,209 мың теңге сомасында өтелетін ҚҚС қысқа мерзімді актив ретінде жіктелді. «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на «Жүк тасымалы» АҚ-ның қосылуы арқылы қайта құрылуына байланысты 2019 ж. бұл сома Компанияға өтелмеді. Компания, салық заңнамасына сәйкес 2020 ж. Салық Басқармасына берілетін өтініш арқылы 2018 және 2019 жж. өтелетін ҚҚС тиісінше 766,880 мың теңге және 1,108,329 мың теңге сомаларын мәлімдейді.

Компания басшылығы берілген активті қысқа мерзімді активтер ретінде топтастырып қор жасаған жоқ, себебі қайтарылуға тиісті ҚҚС сомасы қайтарылады деп есептейді.

2019 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Компания салық органдарының тексеруіне сәйкес 1,144,648 мың теңге сомасына 2017 ж. ҚҚС бойынша қайтаруды алды.

Басқа да қысқа мерзімді қаржылық активтер теңгеде көрсетілген.

#### 9. БАСТАПҚЫ ҚҰНЫ БОЙЫНША ЕСЕПКЕ АЛЫНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 114 ЖОЛ КОДЫ)

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
«Вагонсервис» АҚ	23,339,907	23,339,907
«Қала маңындағы тасымал» АҚ	1,482,978	1,482,978
	<b>24,822,885</b>	<b>24,822,885</b>

2019 және 2018 жж. жағдай бойынша еншілес ұйымдар қызметінің сипаты, олар тұрған жердің елі және Компанияға қатысу үлесі мынадай болды:

	<b>Қызметтің сипаты</b>	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
«Вагонсервис» АҚ	Вагондарды сумен, отынмен жабдықтау және қосалқы бөлшектерін ауыстыру	100%	100%
«Қала маңындағы тасымал» АҚ	Жолаушылар тасымалы	100%	100%



**«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

**2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ  
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**

*(басқасы көрсетілмесе, мың теңгеде)*

**10. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК, ҒИМАРАТТАР МЕН ЖАБДЫҚТАР ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ ТҮРІНДЕГІ АКТИВТЕР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 121 ЖӘНЕ 122 ЖОЛДАРЫНЫҢ КОДТАРЫ)**

	<b>Ғимараттар мен құрылыстар</b>	<b>Машиналар, жабдықтар</b>	<b>Темір жол көлігі</b>	<b>Басқалар</b>	<b>Жиыны</b>
<b>2018 ж. 1 қаңтарына есептік құн</b>	<b>1,238,693</b>	<b>903,543</b>	<b>98,010,466</b>	<b>335,956</b>	<b>100,488,658</b>
Түсімдер	-	99,644	-	9,094	<b>108,738</b>
Шығу	(7,409)	(137,107)	(76,423)	(66,670)	<b>(287,609)</b>
Тозу бойынша шығыстар	(53,924)	(180,121)	(3,920,994)	(46,409)	<b>(4,201,448)</b>
Шығу бойынша тозу	7,409	136,890	76,423	66,670	<b>287,392</b>
Ішкі ауыстыру	1,699	272,115	156,252	8,650	<b>438,716</b>
Құнсыздану	(26,392)	-	-	(466)	<b>(26,858)</b>
<b>2018 ж. 31 желтоқсанына баланстық құн</b>	<b>1,160,076</b>	<b>1,094,964</b>	<b>94,245,724</b>	<b>306,825</b>	<b>96,807,589</b>
Құны бойынша	1,817,692	3,892,710	122,966,492	869,339	<b>129,546,233</b>
Жиналған тозу мен құнсыздану	(657,616)	(2,797,746)	(28,720,768)	(562,514)	<b>(32,738,644)</b>
<b>2018 ж. 31 желтоқсанына баланстық құн</b>	<b>1,160,076</b>	<b>1,094,964</b>	<b>94,245,724</b>	<b>306,825</b>	<b>96,807,589</b>
<b>2019 ж. 1 қаңтарына баланстық құн</b>	<b>1,160,076</b>	<b>1,094,964</b>	<b>94,245,724</b>	<b>306,825</b>	<b>96,807,589</b>
Түсімдер	600	12,454	32,099,551	14,435	<b>32,127,040</b>
Шығу	(50,851)	(97,097)	(104,570)	(18,667)	<b>(271,185)</b>
Тозу бойынша шығыстар	(53,986)	(202,882)	(4,023,759)	(36,271)	<b>(4,316,898)</b>
Шығу бойынша тозу	50,115	96,252	104,570	18,664	<b>269,601</b>
Ішкі ауыстыру	28,411	27,802	100,588	6,768	<b>163,569</b>
<b>2019 ж. 31 желтоқсанына баланстық құн</b>	<b>1,134,365</b>	<b>931,493</b>	<b>122,422,104</b>	<b>291,754</b>	<b>124,779,716</b>
Құны бойынша	1,795,852	3,835,869	155,062,061	871,875	<b>161,565,657</b>
Жиналған тозу мен құнсыздану	(661,487)	(2,904,376)	(32,639,957)	(580,121)	<b>(36,785,941)</b>
<b>2019 ж. 31 желтоқсанына баланстық құн</b>	<b>1,134,365</b>	<b>931,493</b>	<b>122,422,104</b>	<b>291,754</b>	<b>124,779,716</b>
<i>Оның ішінде пайдалану құқығы түріндегі активтер</i>	-	-	42,921,721	-	42,921,721

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе мың теңгеде)

2019 және 2018 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның баланстық құны 1,597,098 мың теңгені және 1,759,954 мың теңгені құрайтын жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар, сәйкесінше, Аналық компанияның қарыз бойынша кепілді қамтамасыз ету болды.

2019 және 2018 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның толығымен амортизацияланған жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарының құны, сәйкесінше, 3,116,979 мың теңгені және 3,231,495 мың теңгені құрады.

2019 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Компания 592,762 мың теңге сомасындағы бастапқы тікелей шығындарды ескере отырып жалдау шарттары бойынша алынған жалпы сомасы 32,099,551 мың теңге болатын 91 вагонды қабылдады.

2019 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалға беру шарты бойынша алынған және теміржол көлігі тобына кіретін негізгі құралдардың баланстық құны 42,921,721 мың теңгені құрайды (2018 ж. 31 желтоқсан: 11,264,245 мың теңге).

2019 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Компания жалдау шарты бойынша алынған негізгі құралдардың жалпы сомасы 154,285 мың теңге құрайтын амортизацияны таныды.

#### 11. ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 127 ЖОЛ КОДЫ)

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Өтелетін ҚҚС	16,724,593	15,624,593
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар үшін байланысты тараптарға төленген аванстар	15,532,723	15,410,082
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар үшін үшінші тұлғаларға төленген аванстар	75,198	-
Аяқталмаған құрылыс	595,105	624,018
Басқалар	490,233	484,633
	<b>33,417,852</b>	<b>32,143,326</b>
Шегеріммен:		
өтелетін ҚҚС бойынша құнсыздануға арналған резерв	(16,724,593)	(15,624,593)
жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар үшін төленген аванстарға резерв	(15,410,082)	(15,410,082)
аяқталмаған құрылыс бойынша құнсыздану	(533,621)	(38,121)
	<b>749,556</b>	<b>1,070,530</b>

2019 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания қосымша құн салығына 1,100,000 мың теңге сомасы көлемінде қосымша қор жасады, себебі басшылықтың пайымдауына Қазақстан Республикасының салық заңының нормаларына сәйкес өтелуі беймәлім сомаларынан және де мердігерлер мен жабдықтаушылардың қарама-қарсы салықтық тексеріс кезінде қайтаруға ұсынылған тауарлар, жұмыс және қызметінің сомасын растамау тәуекелділігіне байланысты құралған. Жалпы айналымдағы халықаралық жолаушылар айналымының үлесі тең анықталатын соманың ҚҚС бойынша көтерілуі Қазақстан Республикасының салық Заңнамасына сәйкес қайтаруға жатады.

2018 ж. «Тұлпар-Тальго» ЖШС 89 вагондарды жеткізу мерзімін елеулі түрде бұзғанына байланысты, Компания байланысты тараптарға жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар үшін төленген аванстарға 15,410,082 мың теңге сомасына резерв есептеді.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе мың теңгеде)

#### 12. САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТЕР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 214 ЖОЛ КОДЫ)

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Байланысты тараптарға қызметтер бойынша кредиторлық берешек (30 Ескерту)	13,001,375	31,018,079
Бөгде кәсіпорындарға сауда кредиторлық берешек	9,669,155	6,237,196
Өзге де	849,647	917,332
	<b><u>23,520,177</u></b>	<b><u>38,172,607</u></b>

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Компания қызметтерінің айтарлықтай маңызды жеткізушісіне жататын компания тобының сауда кредиторлық берешегі 2019 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 12,900,936 мың теңгені (сауда кредиторлық берешегінен 57%) (2018 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 30,968,697 мың теңге (сауда кредиторлық берешегінен 83%) құрайды.

Сауда және өзге кредиторлық берешек келесідей валюталармен көрсетілді:

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Теңге	19,070,909	35,841,535
Еуро	4,414,698	2,310,050
Швейцария франкі	34,570	20,698
Өзге валюталарда	-	324
	<b><u>23,520,177</u></b>	<b><u>38,172,607</u></b>

Сауда және өзге де кредиторлық берешектің өтімділік және валюталық тәуекелге ұшырау туралы ақпарат 29 Ескертуде ұсынылған

#### 13. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЯҚЫЛАР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 217 ЖОЛ КОДЫ)

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтер	817,190	911,911
Еңбекақы бойынша ағымдағы берешек	765,294	1,103,946
Қызметкерлерге төленетін сыйақылар бойынша міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлігі (19 Ескерту)	146,887	55,975
Басшылық персонал қызметкерлеріне сыйақы резерві	126,558	-
	<b><u>1,855,929</u></b>	<b><u>2,071,832</u></b>

#### 14. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 219 ЖОЛ КОДЫ)

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Жолаушыларды тасымалдауға байланысты міндеттемелер	2,513,090	2,146,007
Басқа қызметтер үшін алынған аванстар	40,881	60,687
	<b><u>2,553,971</u></b>	<b><u>2,206,694</u></b>

Танылған кезеңдегі енгізілген кіріс, кезеңнің басындағы шарттар бойынша міндеттемелер сомасынан 2,192,064 мың теңге құрады.

**«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

**2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ  
ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ  
НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)**  
(басқасы көрсетілмесе мың теңгеде)

**15. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 222 ЖОЛ КОДЫ)**

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Салықтар және аударымдар	525,390	515,115
	<b>525,390</b>	<b>515,115</b>

**16. АМОРТИЗАЦИЯЛЫҚ ҚҰНМЕН БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР  
(БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 210 ЖӘНЕ 310 ЖОЛ КОДЫ)**

Компанияның атауы	<b>Пайыздық мөлшер</b>	<b>Өтеу күні</b>	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	0.01%-0.75%	2036-2046 жж.	37,449,875	37,240,775
<b>Ұзақ мерзімді несиелердің жиыны</b>			<b>37,449,875</b>	<b>37,240,775</b>
Негізгі қарыздың ағымдағы бөлігі			(2,611,578)	(2,611,578)
Есептелген сыйақы			(146,470)	(161,692)
<b>Ұзақ мерзімді несиелердің ағымдағы бөлігінің жиыны</b>			<b>(2,758,048)</b>	<b>(2,773,270)</b>
			<b>34,691,827</b>	<b>34,467,505</b>

2019 және 2018 жж. Алынған қарыздар бойынша қозғалыстар келесідей түрде көрсетілген:

	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
<b>1 қаңтарға қалдығы</b>	37,240,775	38,630,272
Қарыздар бойынша сый ақы және дисконтың амортизациясы (25 Ескерту)	3,013,266	2,914,173
Әділ құнына дейін несиелерді түзеу	-	(1,453,053)
Төленген пайыздар	(163,699)	(313,041)
Қарызды өтеу	(2,611,578)	(2,182,316)
Басқалары	(28,889)	(355,260)
<b>31 желтоқсанға қалдығы</b>	<b>37,449,875</b>	<b>37,240,775</b>

Несиелер келесідей өтеуге жатады:

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Жыл ішінде	2,758,048	2,773,270
1 жылдан 2 жылға дейін	2,512,823	2,086,822
2 жылдан 3 жылға дейін	2,340,393	1,945,123
3 жылдан 4 жылға дейін	2,179,828	1,813,077
4 жылдан 5 жылға дейін	2,361,050	1,690,024
5 жылдан жоғары	25,297,733	26,932,459
	<b>37,449,875</b>	<b>37,240,775</b>

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе мың теңгеде)

#### «ҚТЖ» ҰК» АҚ

2011 - 2016 жж. аралығында Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ өтеу мерзімі 2036-2039 жж. дейінгі 0.075% -дан 0.75% -ға дейін нарықтан төмен бағамен несиелер алды. Бастапқы тану кезінде бұл несиелер 5.15-7.41% мөлшерлемелері бойынша дисконтталды, бұл капиталдағы өзгерістер жөніндегі жеке есепте несиелердің әділ құнына дейін түзетуі көрсетілді.

2018 ж. 10 мамырдағы №02/16 «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма хаттамасының негізінде 2018 ж. 9 шілдесінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ және Компания арасында алты несиелік шарттар бойынша сыйақы мөлшерін 0.075% және 0.75% - дан 0.01% дейін төмендету туралы қосымша келісім жасалды. Нәтижесінде, Компания капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есепте «ҚТЖ» ҰК» АҚ алынған несиелердің 1,453,053 мың теңге жалпы сомасын кейінге қалдырылған салық әсері 290,611 мың теңге сомасына шегеріп теңгерімдік құнының түзетуін таныды. Басшылық несиелерге енгізілген түзету маңызды емес және бастапқы борышты тануды тоқтатуға және әділ құны бойынша жаңа қаржылық міндеттемелерді тануға әкелмейді деген қорытындыға келді.

2019 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аталған несиелер бойынша орташа алынған тиімді сыйақы мөлшерлемесі 7.09% құрады (2018 ж. 31 желтоқсан: 7.09%).

Несие бойынша берешектің өтімділік тәуекелге ұшырау туралы ақпарат 29 Ескертуде ұсынылған.

### 17. ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 213 ЖӘНЕ 313 ЖОЛ КОДЫ)

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Қаржы кепілдік шарттары:		
Ұзақ мерзімді бөлігі	2,594,497	3,618,010
Ағымдағы бөлігі	-	8,713
	<b><u>2,594,497</u></b>	<b><u>3,626,723</u></b>

2019 және 2018 жж. Компания байланысты тараптар «Қазтеміртранс» АҚ және «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-мен бірлесіп, Акционер шығарған еурооблигациялар бойынша есептелген пайыздарды және негізгі борышты дер кезінде өтеу бойынша кепілгер болып шықты.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе мың теңгеде)

Кепілдіктің мерзімдері мен түрлері бойынша егжей-тегжейлі ақпарат төменде көрсетілген:

Эмитент	Кепілдік мақсаты	Кепілдіктің берілген күні	Кепілдік мерзімі	Кепілдік сомасы
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Қосымша Трасттық келісімге және «ҚТЖ» ҰК» АҚ арасындағы агенттік келісімдік төлемге сай «Қазтеміртранс» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалдау» АҚ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ, «Вагонсервис» АҚ және «Қала маңы тасымалы» АҚ бірге және бөлек негізгі қарыз және Еурооблигациялар бойынша есептелген пайыздарды уақытылы өтеу бойынша шартсыз және қайтарылмас кепілдік береді.	2018 ж. 19 қазан	2022 ж. 20 маусым	185,000,000 швейцария франкі
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Қосымша Трасттық келісімге және «ҚТЖ» ҰК» АҚ арасындағы агенттік келісімдік төлемге сай «Қазтеміртранс» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалдау» АҚ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ, «Вагонсервис» АҚ және «Қала маңы тасымалы» АҚ бірге және бөлек негізгі қарыз және Еурооблигациялар бойынша есептелген пайыздарды уақытылы өтеу бойынша шартсыз және қайтарылмас кепілдік береді.	2018 ж. 19 қазан	2042 ж. 10 шілде	1,100,000,000 АҚШ доллары
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Трасттық келісімге, агенттік келісімдік төлемге, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен «Қазтеміртранс» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалдау» АҚ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ, «Вагонсервис» АҚ және «Қала маңы тасымалы» АҚ арасындағы шартта жазылғанға сәйкес «Жолаушылар тасымалы» АҚ басқа кепілдермен бірге ортақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның міндеттемелері бойынша жауап беретін болады («Қазтеміртранс» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалдау» АҚ, «Вагонсервис» АҚ, «Қала маңы тасымалы» АҚ), бірақ кез-келген жағдайда «ҚТЖ» ҰК» АҚ жауап беретін көлемде.	2018 ж. 5 желтоқсан	2023 ж. 5 желтоқсан	170,000,000 швейцария франкі
«ҚТЖ» ҰК» АҚ	Трасттық келісімге, агенттік келісімдік төлемге, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен «Қазтеміртранс» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалдау» АҚ, «Жолаушылар тасымалы» АҚ, «Вагонсервис» АҚ және «Қала маңы тасымалы» АҚ арасындағы шартта жазылғанға сәйкес «Жолаушылар тасымалы» АҚ басқа кепілдермен бірге ортақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның міндеттемелері бойынша жауап беретін болады («Қазтеміртранс» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалдау» АҚ, «Вагонсервис» АҚ, «Қала маңы тасымалы» АҚ), бірақ кез-келген жағдайда «ҚТЖ» ҰК» АҚ жауап беретін көлемде.	2019 ж. 31 мамыр	2023 ж. 5 желтоқсан	80,000,000 швейцария франкі

2019 ж. Компания капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есепте 2019 ж. мамырында берілген қаржы кепілдік шарттының 58,088 мың теңге (2018 ж.: 3,488,121 мың теңге) жалпы сомасын кейінге қалдырылған салық әсері 11,618 мың теңге (2018 ж.: 697,625 мың теңге) сомасына шегеріп бастапқы құнын таныды. Компания тиісінше, 2019 ж. ішінде бағамдық айырма бойынша жалпы сомасы 268 мың теңге таза шығын және дисконт амортизациясы бойынша қаржылық кірістер 219,797 мың теңге (2018 ж.: 189,846 мың теңге және 51,244 мың теңге) таныды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2019 ж. 20 қарашасында 780,000,000 АҚШ доллар сомасына еурооблигацияларды мерзімінен бұрын төледі. Осылайша, Компания 1,166,230 мың теңге кірісті мойындай отырып, осы еурооблигациялар бойынша берілген кепілдікті алып тастады (24 Ескерту).

Осы кепілдіктердің әділ құны еурооблигациялардың ағымдағы кірістілігі туралы жорамалдарды пайдалана отырып, осы бағалы қағаздар үшін нарықтық кірістілік бойынша ақша ағындарын дисконттау арқылы анықталды. Қаржылық кепілдік шарттары бойынша міндеттемелерді алғашқы тану кезінде осы бағалы қағаздардың кірістілік коэффициенті 2.95-6% құрады.

Кепілдіктің теңгерімдік құны ең үлкені бойынша белгіленеді:

- 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес есептелген резервтің сомасын шығынға; және
- осы күнге дейін шоғырланбалы сыйлықақы амортизациясын шегергендегі алынған сыйлықақы (Компанияның саясатына сәйкес шарттың өтеу мерзімі басталғанға дейін сызықтық негізде амортизация есептеледі).

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе мың теңгеде)

Есепті кезеңнің соңында Компания басшылары Акционердің қаржылық жағдайын, сондай-ақ, Акционер жұмыс істейтін экономикалық саласын және кепілдігімен қамтамасыз етілген берешектердің мәртебесін бағалап қорытындыға келді, қаржы кепілдігі шарттарының бастапқы тану сәттен бері несиелік тәуекел едәуір ұлғайған жоқ. Тиісінше, Компанияның жасалған қаржылық кепілдік шарттары бойынша резерв шығындары 12 айлықта күтілетін несиелік шығындарға тең сомада бағаланады.

2019 және 2018 жж. 31 желтоқсан жағдайы бойынша қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер мынадай валюталарда көрсетілген:

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
АҚШ доллары	2,354,505	3,377,871
Швейцария франкі	239,992	248,852
	<b><u>2,594,497</u></b>	<b><u>3,626,723</u></b>

Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер валюталық тәуекелге және өтімділік тәуекелге ұшырау туралы ақпарат 29 Ескертуде ұсынылған.

### 18. ЖАЛДАУ БОЙЫНША БЕРЕШЕКТЕР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 218 ЖӘНЕ 318 ЖОЛДАРЫНЫҢ КОДТАРЫ)

	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Байланысты тараптар алдындағы		
қысқа мерзімді жалдау бойынша берешек	16,258	33,755
Ұзақ мерзімді жалдау бойынша берешек	43,312,457	-
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме	-	11,315,595
<b>Жалдау бойынша берешек жиыны</b>	<b><u>43,328,715</u></b>	<b><u>11,364,030</u></b>
Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек	1,112,336	296,710
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек	42,216,379	11,052,640
	<b><u>43,328,715</u></b>	<b><u>11,349,350</u></b>

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе мың теңгеде)

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның ұзақ мерзімді жалдау бойынша берешегі төмендегілерді қамтыды:

	<b>Жалдау төлемдері<sup>1</sup></b>		<b>Жалдау төлемдерінің келтірілген құны<sup>1</sup></b>	
	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Жыл ішінде	1,106,875	268,714	1,096,078	262,955
1 жылдан 2 жылға дейін	799,359	225,082	773,497	216,274
2 жылдан 3 жылға дейін	1,564,942	225,082	1,478,305	211,588
3 жылдан 4 жылға дейін	1,549,937	990,665	1,434,321	911,096
4 жылдан 5 жылға дейін	2,234,550	973,920	2,032,354	837,217
Бес жылдан жоғары	45,726,811	11,320,332	36,497,902	8,876,465
	52,982,474	14,003,795	43,312,457	11,315,595
Алу: болашақ қаржылық шығындар	(9,670,017)	(2,688,200)	-	-
Жалдау төлемдерінің келтірілген құны	43,312,457	11,315,595	43,312,457	11,315,595
			<b>2019 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2018 ж. 31 желтоқсан</b>
Көрсетілген:				
- ағымдағы бөлігінде			1,096,078	262,955
- ұзақ мерзімді бөлігінде			42,216,379	11,052,640
			<b>43,312,457</b>	<b>11,315,595</b>

2019 және 2018 жж. жалдау бойынша қозғалыстар келесідей түрде көрсетілген:

	<b>2019 ж.</b>	<b>2018 ж.</b>
<b>1 қаңтарға қалдығы</b>	11,315,595	12,673,075
Пайыздар бойынша шығындар (25 Ескерту)	708,157	245,652
Жалдау құнын түзету	-	(1,378,050)
Төленген пайыздар	(550,582)	(225,082)
Жаңа жалдау шарттары (жалдауды алғашқы тану)	31,569,495	-
Пайыздарды капиталдандыру	269,792	-
<b>31 желтоқсанға қалдығы</b>	<b>43,312,457</b>	<b>11,315,595</b>

2019 ж. маусымында «Жолаушылар вагондарын сатып алу» инвестициялық жобаны іске асыру барысында 33 жолаушылар вагондарын алуға қаржылық лизинг аясында жалпы сомасы 12,664,600 мың теңгені құрайтын, 20 жыл мерзіміне, негізгі қарызды төлеудің жеңілдетілген мерзімі 5 жыл, 1.75% сыйақы мөлшерлемесіне жылына 1 рет төлейтін Компания, «ҚДБ-Лизинг» АҚ және «Тұлпар» вагон құрастыру зауыты» ЖШС-пен (бұрынғы «Тұлпар-Тальго» ЖШС) жал шартын жасасты. 2019 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Компания жалдау міндеттемелерінің бастапқы 11,193,912 мың теңге сомасын мойындай отырып, барлық 33 вагонды алды.

2019 ж. шілдесінде «Жолаушылар вагондарын сатып алу» инвестициялық жобаны іске асыру барысында 30 жолаушылар вагондарын алуға қаржылық лизинг аясында жалпы сомасы 11,513,273 мың теңгені құрайтын, 20 жыл мерзіміне, негізгі қарызды төлеудің жеңілдетілген мерзімі 6 жыл, 1.55% сыйақы мөлшерлемесіне жылына 1 рет төлейтін Компания, «ҚДБ-Лизинг» АҚ және «Тұлпар» вагон құрастыру зауыты» ЖШС-пен (бұрынғы «Тұлпар-Тальго» ЖШС) жал шартын жасасты. 2019 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Компания жалдау міндеттемелерінің бастапқы 10,052,659 мың теңге сомасын мойындай отырып, барлық 30 вагонды алды.

<sup>1</sup> 2018 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін мәліметтер ең аз жалдау төлемдері және 17 «Жалдау» IAS Халықаралық стандартына сәйкес қаржылық жалдау бойынша ең төменгі жалдау төлемдерінің келтірілген құны болып табылады.



## **«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ**

### **2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ)** *(басқасы көрсетілмесе мың теңгеде)*

---

2019 ж. желтоқсанында «Жолаушылар вагондарын сатып алу» инвестициялық жобаны іске асыру барысында 46 жолаушылар вагондарын алуға қаржылық лизинг аясында жалпы сомасы 19,061,164 мың теңгені құрайтын, 20 жыл мерзіміне, негізгі қарызды төлеудің жеңілдетілген мерзімі 6 жыл, 1.56% сыйақы мөлшерлемесіне жылына 1 рет төлейтін Компания, «ҚДБ-Лизинг» АҚ және «Тұлпар» вагон құрастыру зауыты» ЖШС-пен (бұрынғы «Тұлпар-Тальго» ЖШС) жал шартын жасасты. 2019 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Компания жалдау міндеттемелерінің бастапқы 10,322,924 мың теңге сомасын мойындай отырып, 28 вагонды алды. Компания жеткізілмеген 18 вагонды 2020 ж. наурыздың соңына дейін алуды күтеді (28 Ескерту).

Жалға алу шарттары бойынша Компания міндеттемелері жалға берушінің жалға алу мерзімі кезіндегі жалданған активтердің өзінің меншігі ретінде сақталуы қамтамасыз етілген.

Жалдау бойынша міндеттемелердің өтімділік тәуекеліне ұшырауы туралы ақпарат 29 Ескертуде ұсынылған.

### **19. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ БЕРІЛЕТІН СЫЙАҚЫЛАР (БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНСТЫҢ 317 ЖОЛ КОДЫ ЖӘНЕ ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛДАР ТУРАЛЫ ЕСЕБІНІҢ 433 ЖОЛ КОДЫ)**

#### **Еңбекақыдан міндетті аударымдар**

Компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық және еңбекақы төлеу бойынша өзге де шығыстар оларды көтеруге қарай шығыстарға жатады. 2019 және 2018 жж. ішінде Компанияның әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар бойынша шығыстары, сәйкесінше 1,693,955 мың теңгені және 1,584,650 мың теңгені құрады (22 және 23 Ескертулер).

Сондай-ақ, Компания өз жұмыскерлерінің жалақысынан 10% ұстап қалады және олар таңдаған зейнетақы жинақ қорына жарна ретінде аударады.

#### **Сыйақы төлеу жоспары**

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы жарналары қызметкерлердің міндеті болып табылады, және Компанияда төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, қызметкерлерге зейнеткерлікке шыққан кездегі төлемдер бойынша ағымдағы немесе болашақтағы міндеттемелер жоқ.

Еңбек қызметі аяқталған соң жұмыскерлерге сыйақы Компания пен оның еңбек ұжымы арасында жасалған 2018-2020 жж. арналған Ұжымдық шарттарға сәйкес негізгі төлемдермен жеңілдіктерді көрсетеді:

- Зейнеткерлікке шыққан кездегі бір реттік сыйақы;
- Қызметкер зейнеткер жасына жеткенге дейінгі жәрдемақы;
- Зейнеткерлерге жыл сайынғы материалдық көмек;
- Тегін теміржол билеттерін ұсыну;
- Жерлеу рәсімдерінің қызметтерін төлеуге материалдық көмек беру;
- Тіс салдыруға қызметтерін төлеуге материалдық көмек беру.

Зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар қызметкерлердің қызмет беру шамасына қарай төлем мөлшерімен белгіленген зейнетақы жоспары бойынша төлемдер шығынға жатады.

2019 ж. Компания қызметкерлерді алдағы 5 жылға қысқарту жоспарларын жүзеге асыру мақсатында мерзімінен бұрын зейнеткерлікке шығу ережелерін (бұдан әрі - Ережелер) бекітті. Ережелер заңмен белгіленген зейнет жасына дейін 5 жылдан кем қалған қызметкерлерге қолданылады.

## «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ

### 2019 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ЖЕКЕ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА (ЖАЛҒАСЫ) (басқасы көрсетілмесе мың теңгеде)

Қызметкер Компаниядан келесі өтемақыны талап ете алады:

- саладағы жұмыс өтіліне байланысты еңбек шартын мерзімінен бұрын бұзған кездегі біржолғы төлем;
- қызметкер заңмен белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін - бір реттік немесе ай сайын 70 мың теңгеден кем емес және 200 мың теңгеден аспайтын мөлшерде жәрдемақы.

Компания осы Ережелерді қолдану мүмкіндігі берілген барлық қызметкерлер ең төменгі талап етілген жасқа жеткенде қолданады деп күтеді, яғни заңмен белгіленген зейнеткерлік жасқа дейін 5 жылдан ерте емес.

Компанияның еңбек қызметі аяқталған соң жұмыскерлерге төленген сыйақы бойынша міндеттемелерінің қозғалысы төменде көрсетіледі:

	<u>2019 ж.</u>	<u>2018 ж.</u>
Жыл басындағы міндеттемелердің жалпы сомасы	979,745	888,257
Қызметтердің ағымдағы құны	39,569	31,511
Бұрынғы қызметтердің құны	506,017	79
Сыйақы құны	81,123	79,950
Өзге жиынтық кіріс құрамында танылған актуарлық қайта бағалау	(59,076)	44,750
Жыл ішінде төленген төлемдер	(62,544)	(72,579)
Жыл іші пайда мен шығынның құрамында танылған актуарлық пайда	<u>(114,113)</u>	<u>7,777</u>
Жыл соңындағы міндеттемелердің жалпы сомасы	<b>1,370,721</b>	<b>979,745</b>
Шегеру: өтеу мерзімі бір жылдың ішінде келетін міндеттемелер (13 Ескерту)	<u>(146,887)</u>	<u>(55,975)</u>
Өтеу мерзімі бір жылдан кейін келетін міндеттемелер	<b><u>1,223,834</u></b>	<b><u>923,770</u></b>

Компания міндеттемелерінің есебі өлім деңгейі бойынша жарияланған статистикалық деректердің, сондай-ақ Компанияның қызметкерлер мен зейнеткерлердің саны, жасы, жынысы мен еңбек өтілі бойынша нақты деректері және қызметкерлер санының өзгеруі жөніндегі статистиканың негізінде дайындалды. Қаржы жағдайы туралы жеке бухгалтерлік балансты жасау күніндегі өзге де негізгі болжамдар төменде берілген:

	<u>2019 ж.</u>	<u>2018 ж.</u>
Дисконт мөлшерлемесі	9.10%	8.28%
Материалдық көмектің келешектегі күтілетін жылдық өсімі	3.25%	3.44%
Жалақының келешекте күтілетін минималды жылдық өсімі	4.28%	4.91%
Темір жол билеттерінің келешекте күтілетін жылдық өсімі	5.16%	6.33%
Зейнетақы аударымдарының күтілетін жылдық өсімі	4.28%	4.91%

Төлем мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары қаржыланбайтын болып табылады.

Актuariй жүргізген сезімталдықты талдау көрсеткендей, қызметкерлерге сыйақы төлеу бойынша міндеттемелердің максималды өсуі 7.4% құрайды, бұл инфляцияның 1% -ға өсуі жағдайында орын алады.

